



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

АҚОРДА

ҒАЛЫМДАР ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖАРШЫСЫ БОЛУҒА ТИІС



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысына қатысты. Президент ең алдымен ғылым мен технология барлық мемлекеттер үшін стратегиялық маңызы бар мәселе екеніне назар аударды.

— Дамыған елдер ғылымға да, технологияға да баса мән беріп жатыр. Заманның беталысын баршаңыз көріп отырсыздар. Жаһандық геосаяси ахуал тұрақсыз, құбылмалы, сын-қатерлер аз емес. Бірақ қытай халқының белгілі пайымдауына сенсек, дағдарыс кезінде жаңа мүмкіндіктер туады. Қазір — инвестицияның, ғылым мен жоғары технологияның уақыты. Бүгінде кез келген елдің әлемдегі орны ғылымның даму деңгейіне қарай анықталады. Экономикалық өсім ғылымға тікелей байланысты, бұл — аксиома. Түрлі мемлекеттер арасында технологиясы дамыған озық ел болу үшін күрес жүріп жатыр. Орталық Азиядағы бәсекелестік те күшеюде, бұл — түсінікті, заңды үрдіс. Сондықтан біз де осы салаға баса мән беруіміз керек, нақты нәтижелерге қол жеткізуіміз қажет, — деді Президент.

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында алдымызға айқын мақсат қойылғанын айтты. Соған сәйкес, Қазақстан алдағы үш жылдың ішінде цифрлық ел болуы керек, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін жан-жақты пайдаланып, оны барлық салаға енгізу қажет.

— Бірнеше күн бұрын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясындағы сөзімде еліміздің даму бағдарына арнайы тоқталдым. Сондай-ақ дүниежүзінде болып жатқан үдерістерге Қазақстанның көзқарасын білдірдім. Жаһан жұрты береке-бірлікте өмір сүру үшін өзара сыйластықты, теңдік пен ынтымақтастықты тандауы қажет. Сонда ғана мемлекеттер арасында табысты қарым-қатынас орнайды. Осы айдың басында Қытайға ресми сапармен барғанымды білесіздер. Онда құны 15 миллиард доллар болатын 70 инвестициялық келісімге қол қойылды. АҚШ-қа сапарым кезінде әлемдік компаниялардың басшылығымен келіссөздер өткіздім. Оның ішінде Amazon, Meta

сияқты жасанды интеллект және жоғары технология саласындағы ірі корпорациялар бар. Сондай-ақ қаржы-инвестиция саласындағы Goldman Sachs, Blackstone, Cerberus Capital Management, Citigroup корпорацияларының жетекшілерімен кездестім. Wabtec, PepsiCo және басқа да ірі компаниялармен коммерциялық келісімдер жасалды. Сапар аясында экономикамыздың басты салаларын қамтитын 11 келісімшартқа қол қойылды, жалпы құны 5,2 миллиард доллардан асады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздің келешегі жарқын болғанын қаласақ, жоғары технология мен жасанды интеллектіні қазірден бастап тиімді пайдалану керек екенін атап өтті. Кейінгі жылдары ұлттық ғылымды дамытуға айрықша көңіл бөлініп жатқанын жеткізді. Бес жылда білім-ғылым саласына салынған инвестиция бес есе өскен. Зерттеу университеттері көбейіп, олардың өндіріспен байланысы нығайып келеді. Қазір 300-ге жуық коммерциялық жоба қолға алынды. Осылайша, «Университет — зерттеу — инновация — коммерция» кешенді жүйесі орнығып жатыр.

— Әлемнің 40 беделді жоғары оқу орнымен серіктестік орнаттық. Бүгінде елімізде 33 филиал ашылды. Технология парктері және инжиниринг орталықтары құрылуда. Ұлттық Ғылым академиясының беделі нығая түсетін болды. Әр аймақта Ғылым жөніндегі кеңестер жұмысқа кірісті. Ғалымдардың мүддесін қорғауға баса мән беріп отырмыз. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды, ғылымды басқарудың жаңа құқықтық негізі қаланды. Ұлттық ғылымның кадрлық әлеуетін нығайту, бұл — аса маңызды, түйінді мәселе, оны басты назарда ұстау қажет. Жас ғалымдарға барынша жағдай жасала беруі керек, — деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің жиынында атом саласын дамыту мәселесі де талқыланды. Президенттің айтуынша, елдің энергетикалық қауіпсіздігін және дербестігін қамтамасыз ету — стратегиялық міндет. Қазір түрлі салаға озық технологиялар енгізіліп жатыр. Ауқымды жобалар қолға алынууда. Оның бәрін табысты жүзеге асыру үшін электр энергиясы жеткілікті болуы қажет.

— Сондықтан біз қуат көздерін жан-жақты жаңғырту жұмыстарын бастадық. Ең бастысы, ядролық энергетиканы дамытуға бет бұрдық. Жалпыұлттық референдумда атом электр станциясын салу жөнінде шешім қабылдадық. Шын мәнінде, атом энергиясы — еліміз үшін өте маңызды, қажетті қуат көзі. Біз ғана емес, күллі жаһан жұрты осы саланы дамытуға мықтап кірісіп жатыр. Дүниежүзінде 416 атом реакторы жұмыс істеп тұр. Мысалы, АҚШ-та 94 ядролық реактор бар, бірақ өзінің уран өндірісі аз, сондықтан америкалық нарықтың 24 пайызын Қазақстан қамтамасыз етеді. Францияға қатысты жағдай да сондай іспетті, 50-ден астам ядролық реакторға Қазақстанда өндірілген уран қолданылады. Қазір 31 мемлекетте ядролық энергия өндіріледі. Бұл — әлемдегі әрбір алтыншы ел бейбіт атомның игілігін көріп отыр деген сөз. Тағы жиырмаға жуық мемлекет ядролық реактор салуды жоспарлап отыр. Біз осы салада озық технологиясы бар елдермен ынтымақтасуға баса мән береміз, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев АЭС құрылысына қатысты келіссөздерде еліміздің мүддесін ескеру қажет екенін айтты. Таяуда Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясын салу бойынша жұмыстар басталғанына назар аударды. Жобаны халықаралық консорциум жүзеге асырады. Оның жетекшісі — «Росатом» компаниясы.

— Тиісті агенттік, жалпы, Үкімет осы компаниямен келіссөздер өткізген кезде әрдайым еліміздің мүддесін ескеруі қажет, келісімдердің барлығы әділетті, теңгерімді, тиімді болуы керек. Табиғи байлығымызды, яғни уранды талан-таражға салуға болмайды. Бүгін мен мұны ғалымдардың және бүкіл ғылым қауымдастығының алдында әдейі айтып отырмын. Бұл — аса маңызды мәселе. Әрине, біз бір атом электр станциясымен шектеліп қалмаймыз. Екінші, үшінші атом станциясын қазірден бастап жоспарлай беруіміз керек. Қытай Төрағасымен кездесуде біз осы мәселені талқыладық. Елдеріміз бейбіт атом бағытындағы ықпалдастығын күшейте береді. Қытайдың өзінде алдағы он бес жылда 76 жана реактор іске қосылмақ. Шығыстағы көршіміз — осы саладағы жетекші мемлекеттің бірі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)



ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ДАМИ БЕРМЕК

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастық стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында дәйекті түрде дамып келе жатқанын атап өтіп, екіжақты байланыстардың қазіргі жай-күйі мен перспективасын талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин сауда-экономикалық, соның ішінде энергетика, өнеркәсіп және көлік салалары бойынша бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылуын қарастырды. Мәдени-гуманитарлық байланыстардың нығайып келе жатқанына мән берілді.

Әнгімелесуде Қазақстан Президентінің Ресей Федерациясына жасайтын мемлекеттік сапарына дайындық барысына ерекше назар аударылды. Сондай-ақ тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.



СЫРТҚЫ САЯСАТТЫ НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Сыртқы істер министрі Ермек Көшербаевты қабылдады.

Кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев теңгерімді сыртқы саясатты одан әрі нығайту, ұлттық мүддемізді халықаралық аренада белсенді ілгерілету, экономикалық дипломатия мен инвестициялық серіктестікті күшейту бағытында нақты тапсырма берді.

Мемлекет басшысы көпжақты форматтағы ықпалдастықты жандандыруға, сондай-ақ шетелде Қазақстан азаматтарының құқығы мен мүддесін қорғау жұмыстарының тиімділігін арттыруға ерекше назар аударды.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Мұрат Әбуғалиұлы Нұртілеу Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық инвестиция және сауда ынтымақтастығы жөніндегі көмекшісі болып тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ермек Беделбайұлы Көшербаев Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі болып тағайындалды.

Мемлекет басшысының өкімімен Бақытжан Шаймұхаметұлы Сапиев Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі болып тағайындалды.

Мемлекет басшысының өкімімен Әлихан Қайыргелдіұлы Жамсатов Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ержан Хозеұлы Қазыхан Женева қаласындағы (Швейцария) Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлімшесі мен басқа да халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі лауазымына тағайындалды.

АҚОРДА

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

ҒАЛЫМДАР ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖАРШЫСЫ БОЛУҒА ТИІС

(Басы 1-бетте)

Президент атом энергетикасын дамытуға стратегиялық минералды ресурстар керек екенін атап өтті. Қазақстанда бұл салаға қажетті сирек кездесетін металдар жеткілікті. Қазақстан уран өндірісі бойынша әлемдік көшбасшы мемлекеттің бірі. Әлемдегі уран қорының 40 пайызы — қазақ жерінде. Осы басымдықты дұрыс пайдалану қажет. Атом станциясы салынған соң уранның экономикадағы рөлі түбегейлі өзгереді. Бұрын экспортқа ғана кетіп жатқан бұл байлық енді ішкі нарықтың қажетіне жарайтын болады. Бұл жұмысқа қазірден бастап дайындалған жөн, тиісті талдау жүргізілуге тиіс.

Президент еліміздің атом ғылымындағы өзекті мәселелерге тоқталып, бірінші кезекте осы саланың кадрлық әлеуетін арттыру қажет екенін жеткізді. Елімізде білікті инженерлер, техникалық мамандар тапшы. Атом саласындағы жағдай да дәл осындай. Бүгінде жоғары оқу орындарын бітіріп жатқан түлектердің 90 пайызы — бакалаврлар. Ал ғылым докторларының үлесі 1 пайызға да жетпейді. Сондықтан докторантураға бөлінетін грант санын көбейту қажет. Әсіресе, техникалық мамандықтарға басымдық берген абзал.

— Менің тапсырмам бойынша «Болашақ» стипендиясының 70 пайызға жуығы техникалық-инженерлік мамандық иелеріне беріле бастады. Былтыр жасанды интеллект саласына жыл сайын 50-ден астам стипендия бөлу туралы шешім қабылдадық. Келесі жылдан бастап атом мамандарын дайындау үшін жылына 20 квота беріледі. Мұны технократ ұлт болу жолындағы маңызды кадам деуге болады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір жер қойнауын игерушілер өз табысының бір пайызын ғылымды дамытуға бөліп жатқанына мән берді. Ол — салық емес, еліміздің технологиялық әлеуетін арттыруға үлес қосу деп түсінген жөн. Үкімет осы қаражаттың бір орталықтан үнемді, тиімді әрі ашық жұмсалуды қамтамасыз етуге тиіс. Атом саласын зерттейтін ғылыми қалашықтар құруға ерекше назар аудару қажет. Алматудағы Ядролық физика институтының базасында көп мақсатты зерттеу реакторын салу мүмкіндігін қарастырған жөн. Мемлекет басшысының сөзінше, еліміздің жаңа ғылыми қалашығын осы мекеменің негізінде құруға болады. Сонымен қатар мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерін ескеріп, құны бірнеше миллиард тұратын жобаларға шашылмаған дұрыс. Бұл осыған ұқсас басқа да жобаларға қатысты. Абай облысында АЭС салу перспективасын ескере отырып, Құрчатовтағы ғылыми қалашықтың егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу қажет. Аталған жұмысқа Ғылым академиясы, облыс әкімдігі және Ұлттық ядролық орталық атсалысқаны жөн.



Қасым-Жомарт Тоқаев жаппай цифрландыру мен жасанды интеллект технологиясын енгізу арқылы экономиканы жан-жақты жаңғырту жуырдағы Жолдауының өзегі болғанын еске салды. Жасанды интеллект аталған мүмкіндіктерді бірнеше есе күшейтеді. Дәл осындай тарихи бетбұрыс кезеңінде көптеген ел өз мүмкіндіктерін жұмылдырып, дамуда зор серпіліс жасады, ғылыми-технологиялық жарыста алға озды. Осы тұста Президент тарихи мысал келтірді.

— XV-XVI ғасырларда Қытай әлемдегі экономикасы ең ірі ел болды, оның әлемдік ішкі жалпы өнімдегі үлесі 60 пайызға жетті. Бұдан кейін Англияда индустриалдық революция орын алып, іштен жанатын қозғалтқыш пайда болды. Қытай бұл өзгерістерден тыс қалды, соның салдарынан «апиын соғысы» деп аталған екі сыртқы агрессияның құрбанына айналды. Жаңа дәуірдегі Қытайдың кейінгі басшылары тарихи қателіктен сабақ алып, ғылымға, жоғары технологияға, жасанды интеллектке басымдық берді. Қазір Қытай барлық ел санасатын әлемдік державаға айналды. Сондықтан жаппай цифрландыру мен жасанды интеллектіні кеңінен енгізу, шын мәнінде, біздің ұлттық стратегиямыз. Аталған стратегиялық бағыттың дұрыс екеніне сенімім кәміл. Мұндай саясат жастар арасында кеңінен қолдау тауып жатыр. Әйтсе де, қоғамда бұл мәселеге және күн тәртібіндегі басқа да проблемаларға күмәнмен қарайтындар бар екенін жокқа шығаруға болмайды. Бұл біз үшін қалыптасқан жағдай. Алайда мұндай ой-пікірлерді де ескеру қажет. Бәзбіреулер үшін мұндай міндеттер нақты іске ұласпай, сөз күйінде қалатындай көрінуі мүмкін. Бірақ Жолдауымда анық айттым: біз үшін, жалпы еліміз үшін басқа жол жоқ, әйтпесе ілгерілеуден, прогрестен, яғни, даму көшінен қалып қойсақ, қауқарсыз, әлсіз халық боламыз, сыртқы күштердің кемсітуіне ұшыраймыз. Бұл — жай бәсеке емес, мәселе — басқада. Түптеп келгенде, бұл — Қазақстанның дербес ел ретінде өміршендігі деген сөз, — деді Президент.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік саясаттың не-

гізгі мақсат-міндеттері жайындағы ойымен бөлісті. Президент өзінің негізгі миссиясы — қазіргі аламағайып кезеңде еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, әлеуметтік-экономикалық дамудың берік іргетасын қалау екенін айтты. Сондай-ақ Мемлекет басшысы атом саласының ғылыми-технологиялық әлеуетін күшейту ісінде халықаралық ынтымақтастықтың маңызы зор екенін жеткізді.

— Бұл бағытта біз жақсы нәтижеге қол жеткіздік деп айтуға болады. МАГАТЭ, Біріккен ядролық зерттеулер институты, Бүкіләлемдік ядролық университет, Еуропалық ядролық зерттеулер орталығы және басқа да танымал ғылыми мекемелермен тиімді серіктестік жолға қойылды. Ғалымдарымыз термоядролық синтез, ядролық материалтану, радиациялық технология салаларындағы жаһандық ғылыми жобаларға атсалысуда, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, бірінші атом электр станциясын салу — ауқымды жұмыстың басы ғана. Бәсекеге қабілетті әрі дербес атом индустриясын қалыптастыруға күш салған жөн. Сонда біз энергетикалық тұрғыдан ешкімге тәуелді болмаймыз. Сондықтан қазір Атом энергиясы жөніндегі агенттік осыған қатысты стратегиялық құжат дайындап жатыр. Онда энергия тапшы аймақтарда шағын модульді реакторлар орнату мәселесі қамтылуға тиіс.

— Мен Дубайда, Бакуде өткізілген жаһандық климаттық саммиттерге қатыстым. Әсерімді бірқатар әріптестерге және Үкімет мүшелеріне жасырмай жеткіздім: бұл кенәуқымды алаяқтыққа ұқсайды. Бұл сөзімді Премьер-Министр Олжас Бектенов растай алады. АҚШ Президенті Дональд Трамп та жуырда Біріккен Ұлттар Ұйымында сөз сөйлегенде «Климаттың өзгеруі дегеніміз, бұл — жаһандық алаяқтық» деп дәл солай айтты. Сондықтан Қазақстан 35 жылдан кейін ғана карбон көздерінен құтылады деп ресми ұстанымымызды жариялады. Қазір Қазақстанда 118 миллиард киловатт энергия өндіріледі. Бұл —

жеткіліксіз. Цифрландыруды, жасанды интеллектіні қарқынды дамытсақ, әлдеқайда көп энергия керек болады. Сондықтан елімізде барлық энергетика көздерін тиімді пайдалану қажет. Ең алдымен, көмір. Қазақстан жылына шамамен 113 миллион тонна көмір өндіреді, бұл тұрғыдан алғанда, әлемдегі ең ірі он мемлекеттің қатарына кіреді. Бұл — біздің актив, жетістік, оны дұрыс пайдалануымыз керек. Қазір озық технологиялар көмірді жақсы тазалайды, оның зияны жоқ, бағасы жел, күн, газбен салыстырғанда қымбат емес, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев атом энергетикасы бағытындағы жұмыс бір ведомствоның немесе саланың аясында шектеліп қалмауға тиіс екенін ескертті. Ядролық энергетиканың негізін қалау — ауқымды жалпыұлттық міндет. Атом генерациясы ең таза қуат көздерінің бірі саналатынына қарамастан, АЭС құрылысында барлық экологиялық норманы сақтау — басты талап. Ғылыми және қоғамдық ұйымдармен конструктивті ықпалдастықты жолға қою маңызды.

— Азаматтарымыздың белгілі бір бөлігінде радиophobia бар. Одан арылу үшін кешенді түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Атом жобаларын жүзеге асыру барысында жергілікті бизнестің мүддесін ескеріп, отандық үлестің деңгейін барынша қамтамасыз ету керек. Кәсіпорындарымызда аталған саланың жоғары стандарттарына сай өнім шығару үшін ғалымдардың, инженерлер мен өнеркәсіп мамандарының күш-жігерін жұмылдырған жөн. Ядролық энергетика кеңбейінді кәсіптік техникалық мамандар даярлауға тың серпін береді. Біз техникалық білім беру саласы дамыған цифрлық державаға айналуымыз керек. Бұл — ұлттық болмысымызға қатысты өте маңызды мәселе, — деді Мемлекет басшысы.

Президент бұған қоса жұрттың қаржылық, ақпараттық, цифрлық және басқа да саладағы сауатын арттыру мәселесін көтерді.

— Ғалымдар әрдайым жасампаздық жаршысы болуға тиіс. Қазір әлеуметтік желі арқылы халыққа ақыл айтатындар көбейіп кетті. Олардың арасында жалған

ақпарат таратып, жұртты адастыратын адамдар аз емес. Осындай санасыз, пиғылы арам адамдардың теріс ықпалына түсіп, кейбір жастар ғаламторда неше түрлі өсек немесе халықты арандатуы көздейтін материалдар жаза бастады. Бірақ осы жерде бір мәселе бар. Тиісті мекемелер заманауи технологияларды пайдалана отырып, осындай деструктивті жазбаларды жазатын адамдардың аты-жөнін, тұратын жерін, бәрін анықтап алып жатыр. Олар жас болғаннан кейін әзірге түсіндіру жұмысы жүргізілуде. Бірақ мұндай әрекеттер жалғаса берсе, тиісті мекемелер Заң мен тәртіп тұжырымдамасын орындау үшін басқа шара қолдануға мәжбүр болады. Мұндай сәтте ғалымдар үнсіз қалмауы керек, жастар арасында, жалпы қоғамда жан-жақты ағарту жұмысын жүргізуі керек. Үкімет пен әкімдердің қызметінде олқылық мүлдем жоқ деп ешкім айтпайды, бірақ олар туралы пікір айтқан кезде халықты арандатпай, қоғамды шулатпай, салмақты және саналы пікір айту қажет. Еліміздің тұрақтылығы, бұл — ең маңызды басымдық. Кез келген мәселе жайлы қоғамдық пікір білікті мамандардың көзқарасы негізінде қалыптасуы керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев заман күрделі болса да, Қазақстанның бағыты — дұрыс екенін алға тартты. Осы ретте Мемлекет басшысы ғалымдардың ағартушылық миссиясына ерекше назар аударды.

— Еліміз қиындықтың бәрін еңсеріп, үздіксіз дамып келеді. Бес жылда Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 181 миллиардтан 291 миллиард долларға көбейді. Биылғы 8 айдың өзінде экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Еліміздің халықаралық резерві мен Ұлттық қордың активі 116 миллиард доллардан асты. Соның ішінде халықаралық резервіміз рекордтық деңгейге жетіп, 54,6 миллиард доллар болды. Мұның бәрін басқа мемлекеттер, беделді ұйымдар көріп отыр, мойындап жатыр. Мысалы, Standard and Poor's агенттігі бұған дейін еліміздің дамуын «тұрақты» деп болжап келді. Енді «жағымды» деген болжам жасауда. «Сырт көз — сыншы». Әлем қауымдастығының Қазақстанға деген сенімі біздің дұрыс жолмен келе жатқанымызды көрсетеді. Алайда халықаралық рейтингтерде жоғары орын иелену — біз үшін мақсат емес, оның үстіне бұл тоқмейілуіне себеп бола алмайды. Біз мұны түсінуіміз керек. Біздің басты міндетіміз — халықтың әл-ауқатын ұдайы арттыру және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін күшейту. Дәл сол себепті біз қиын да күрделі өзгерістер арқылы реформалар жүргіземіз. Бұл оңай жол емес. Елімізді басқаша өркендетеміз. Бәріміздің мақсат-мүддеміз бір. Бұл — Әділетті, Қуатты, Таза әрі Қауіпсіз Қазақстанды құру. Бұл іске ғалымдар қауымы мол үлес қосады деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАНЫ РЕТТЕУ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ МАҚҰЛДАДЫ



Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар электрондық сауда мәселелері туралы заңды қарап, депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында палата депутаттары «2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарады. Хаттаманы ратификациялау электрондық сауданы реттеу үшін құқықтық база құруға, электрондық сауда тауарларын кедендік әкімшілендіруді жақсартуға, техникалық регламенттердің сақталуына және әкелінетін тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылауды күшейтуге жол ашады. Сондай-ақ кедендік төлемдер мен салықтарды жинау есебінен бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Қаралған хаттама шетелдік интернет-аландарда сатып алынған тауарлардың кедендік шекарадан өту тәртібін айқындауды көздейді. Соған сәйкес, «электрондық сауда операторы» ұғымы және кедендік декларацияның жаңа түрі — электрондық сауда декларациясы енгізіліп отыр. Құжатта кедендік әкімшілендіруді жетілдіруге арналған өзге де нормалар бар. Алдағы уақытта заң Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында электрондық сауда саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата отырысында сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын жолады.

Бекбол Орынбасаров Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға қатысты қазіргі жағдайға байланысты жұртшылықтың алаңдаушылығына назар аударып, осы мәселе бойынша бірқатар ұсыныс айтты.

Әли Бектаев аграрлық ғылым саласындағы олқылықтарға тоқталып, аталған бағытты жетілдіруге қатысты өз пікірін білдірді. Осыған орай депутат Үкіметке Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу

университетінің зерттеу инфрақұрылымын жаңғыртуға нақты қолдау көрсетуді ұсынды.

Андрей Лукин өз сауалында бюджеттік және квази-бюджеттік ресурстардың тиімсіз жұмсалғанын айтты. Сенатор Денсаулық сақтау министрлігінің ардагерлерге арналған Орталық клиникалық госпиталінің өз ғимараты жоқ екеніне және басқа біреудің ғимаратын ақылы негізде жалға алуға мәжбүр болғанына наразы болды. Бұл көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне, ең алдымен, әлеуметтік осал санаттар үшін кері әсер ететіні анық.

Сүйіндік Алдашев Үкіметтің Шымкент мұнай өңдеу зауытында өнім шығаруды ұлғайту арқылы Манғыстау облысында жанармай тапшылығын жоюға арналған жоспарына қатысты мәселелерге алаңдаушылық білдірді.

Қайрат Тастекеев еліміздегі жабайы жыртқыш жануарлардың санын бақылау мен реттеуді күшейту қажет екенін айтып, нақты шаралар ұсынды. Депутаттың айтуынша, ауыл шаруашылығына зиян келтіретін және елді мекендерге жиі кіретін аю, қасқыр, жабайы қабан, шибөрі сияқты аңдар популяциясының көбеюі халықты алаңдатып отырғанын тілге тиек етті.

Сұлтан Дүйсембинов Алматы облысына қатысты және өңірдің тұрақты дамуына тікелей әсер ететін жүйелі проблемалар туралы айтты. Сенатор Үкіметті облыс жыл сайын республикалық бюджеттен қажетті қаржыландыруды алмайтынына назар аударуға және тиісті шаралар қабылдауға шақырды.

Талғат Жүнісов елдегі жұқа жүнді қой шаруашылығының жай-күйіне тоқталып, бұл салада қиындықтар артып келе жатқанын атап өтті. Депутат жасаған ұсыныстардың қатарында Қазақ қой шаруашылығы филиалына ка-

жетті стратегиялар әзірлеу және іргелі зерттеулер жүргізу жөніндегі үйлестіруші орталыққа айналатын ғылыми-зерттеу институты мәртебесін қайтару туралы бастама да бар.

Руслан Рүстемов Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының материалдық-техникалық базасы қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмейді деп есептейді. Бұл топырақтың тозуы мен тұздануын төмендету және суармалы егіншілікті дамыту бойынша сапалы зерттеулер жүргізуге кедергі келтіреді. Осыған байланысты сенатор институтты дамытуға арналған бастамалар кешенін жариялады.

Ғалиасқар Сарыбаев Ассy-Түрген обсерваториясының ахуалына назар аударып, елдегі астрофизика саласындағы қолданбалы және іргелі зерттеулердің дамуын тежейтін мәселелерді атап өтті. Сенатордың пікірінше, бұл ретте, ең алдымен, инфрақұрылым, интернетке қолжетімділік, электр энергиясымен қамтамасыз ету бағыттарындағы проблемаларды шешу және зерттеуге қажетті қымбат жабдықтарды бажсыз әкелуді қарастыру керек.

Ернұр Әйткенов тапсырыстардың жетіспеуіне байланысты Екібастұз қаласындағы «Қазақстандық вагон құрастыру компаниясы» ЖШС-ның тоқтап қалуына қатысты түйткілге Премьер-Министрдің назарын аударды. Осыған орай депутат ұлттық операторлардың есебінен оларды өндірістік тапсырыстармен қамтамасыз етумен бірге вагон жасау кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеуді және іске асыруды ұсынды.

Бекболат Орынбеков Жамбыл облысы Тараз және Шу қалаларындағы инженерлік желілердің жоғары тозу проблемасына тоқталып, өңірдегі инфрақұрылымды жақсарту бойынша бірқатар нақты бастаманы атап өтті.

Бибигүл Жексенбай адам көп жиналатын жерлерде, әсіресе ойын-сауық мекемелерінің аумағында қоғамдық қауіпсіздіктің сақтала бермейтінін айтып, сауал жолдады.

РАДИОАКТИВТІ МАТЕРИАЛДАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ КЕЛІСІМІН ТАЛҚЫЛАЙДЫ



Спикер Ерлан Қошановтың төрағалығымен Мәжіліс бюросы өтті. Онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына бірқатар халықаралық құжатты ратификациялау туралы заң жобалары ұсынылады.

2020 жылғы 6 қарашада қол қойылған ТМД-ға мүше мемлекеттерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімде экспорт, транзит және межелі елдерде міндетті рұқсат алумен қатар, жүк жөнелтушілер, жүк алушылар және тасымалдаушылар үшін бірыңғай ережелер мен қауіпсіздік талаптары нақтыланады.

Қазақстан мен Түрікменстан үкіметтері арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге 2024

жылы 10 қазанда Ашхабадта қол қойылды. Құжат қылмыстың 14 түрі, оның ішінде ұйымдасқан қылмыс, терроризм, экономикалық және есірткіге байланысты қылмыстар және басқалар бойынша ынтымақтастықтың құқықтық негізін айқындайды.

Жалпы отырыста палата комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдайды. Олардың қатарында Еңбек кодексіне еңбек саласындағы ұжымдық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша түзетулер мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігімен стратегиялық әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім бар.

ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ ШОРҒА ШАЙҚАСЫ

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Әскери-тарихи музейінде қазақ халқының әскери тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі – Шорға шайқасына арналған «Шорға шайқасы: аңыз бен ақиқат» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференцияның мақсаты — Шорға шайқасының жоңғар басқыншыларына қарсы күресте қазақ халқының жеңісіне қосқан үлесін ғылыми тұрғыдан саралау, отандық қолбасшылардың тарихи мұрасын зерттеу, әскери историографияны дамыту және жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу.

Іс-шараға Парламент Мәжілісінің депутаттары Ерлан Саиров, Ермұрат Бапи, Парламент Сенатының депутаты Қайрат Тастекеев, өлкетанушы, педагог-зерттеуші Қайрат Айтқожин, мемлекет және қоғам қайраткері Төлеубай Рахымбеков, тарих ғылымдарының докторы Еркін Әбіл, сондай-ақ танымал тарихшылар, ғалымдар, педагогтер, дін өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Жиында сөз алған Парламент Мәжілісінің депутаты Ерлан Саиров ұлттық тарихты сақтау мен жаңғыртудың маңыздылығына тоқталды:



— Мемлекет басшысы тарихи сананы жаңғыртудың қажеттілігін бірнеше рет атап өтті. Шорға шайқасы — бұл ерліктің, қайсарлықтың және Отанға деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі. Мұндай оқиғалар ұлттық рухты көтеріп, патриотизмді қалыптастырады әрі азаматтық бірегейлікті нығайтуға негіз болады, — деді депутат Саиров.

Конференция аясында архитектор Болатбек Мұхамдиев әзірлеген Шорға шайқасының 80 жылдығына арналған ескерткіштің жобасы таныстырылды.

ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУ

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Мәжілісте «Қазақстан Республикасында жасанды интеллектті дамыту туралы» тақырыбында парламенттік тыңдау өтті. Парламенттік тыңдау барысында еліміздегі әртүрлі салада жасанды интеллектті тиімді енгізу және даму мәселелерін жан-жақты талқылау ұсынылды. Жиынға Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Президент Әкімшілігінің жауапты қызметкерлері, Ғылым және жоғары білім министрі, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің міндетін атқарушы, Үкіметтің жауапты қызметкерлері, Астана қаласының әкімі, министрліктер мен ведомстволардың басшылары, цифрландыру жөніндегі өңірлік басқармалардың басшылары, халықаралық және қазақстандық сарапшылар, ұйымдар, қауымдастықтар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов парламенттік тыңдау Digital Bridge жаһандық технологиялық форумы қарсаңында өтіп жатқанын айта келе, басқосудың мақсаты осынау ғаламдық диалогке үн қосу екенін жеткізді.

— Жасанды интеллект — әр мәселені егжей-тегжейлі талқылауды, талдауды талап ететін күрделі сала. Сондықтан бүгінгі жиынымызға осы бағытқа жауапты министрлер мен мемлекеттік органдардың өкілдерін, отандық және шетелдік сарапшыларды, көшбасшы мамандарды шақырдық. Жасанды интеллект саласындағы Еуропа заңдары авторларының бірі — Дүниежүзілік экономикалық форумның сарапшысы Генрик фон Шейл мырза да арнайы келіп отыр. Адам құқықтарын қорғау мәселесінің де маңызы зор. Сондықтан Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Иванович Рогов та бүгінгі тыңдалымға қатысуда, — деді Палата Спикері.

Мәжіліс Төрағасы атап өткендей, жақында өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының 80-ші сессиясында да жаһан көшбасшыларының көбі бұл жайтты назардан тыс қалдырған жоқ. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та осы төңіректе өз ойларын ортаға салып, Қазақстанның болашақ даму бағдарын әлемге паш етті.

— Мемлекет басшысының соңғы Жолдауының өзі тұтастай алғанда жасанды интеллект тақырыбына арналуы да бекер емес. Президент үш жыл ішінде Қазақстанды цифрлық мемлекетке айналдыру бойынша ауқымды міндет қойды. Осылайша, жасанды интеллект — мемлекеттік саясаттың негізгі бағытына айналып отыр, — деді Ерлан Қошанов.

Жаһандық деңгейде жүріп жатқан технологиялық үрдістің жылдам өзгеріп жатқанын сөз еткен палата Спикері елі-



ЖАСАНДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ

міздің де әлемдік трендтен қалыс қалмағанын жеткізді.

— Мемлекет тарапынан цифрлық даму мен жасанды интеллектті жаппай енгізу үшін біраз жұмыс атқарылып жатыр. Біріншіден, жасанды интеллект үшін онтайлы құқықтық негіз қалануда. Парламент осы сайланымда онлайн-платформалар туралы, ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелері жөнінде заңдар қабылдады. Оны әзірлегенде осы саланы алғаш болып қолға алған елдердің тәжірибесі ескерілді. Атап айтсақ, «Жасанды интеллект туралы» Еуропаның заңдары мен «Жасанды интеллект және адам құқықтары, демократия мен құқықтың үстемдігі туралы» Еуропа кеңесінің негіздемелік конвенциясы назарға алынды. Екіншіден, қажетті инфрақұрылым құрылуда. Жасанды интеллект технологияларын кеңінен енгізуге біз ерекше қарқынмен және зор әлеуетпен кірістік. Суперкомпьютер іске қосылып, ұлттық жасанды интеллект платформасы жұмыс істей бастады. Smart Data Ukimet платформасы да қолданысқа еніп, өз жемісін беруде. Электрондық үкіметті дамыту деңгейі бойынша Қазақстан қазірдің өзінде

193 елдің ішінде 24-орында тұр. Бұл жоғары позицияға мемлекеттік басқару саласын цифрландыру есебінен қол жеткізілді. Біріккен Ұлттар Ұйымы сарапшылары да Қазақстанның электрондық үкіметінің тиімділігіне жоғары баға беріп отыр, — деді ол.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов қазір Қазақстан Орталық Азиядағы ең озық цифрлы елге айналғанын атап өтті. Мысалы, британиялық «Оксфорд Инсайтс» компаниясының Елдердің жасанды интеллектіні енгізуге дайындығы рейтингінде Қазақстан 188 мемлекеттің ішінде 76-орынды иеленуі бұған айқын дәлел. Мәжіліс Төрағасы енді кезекте еліміз жаңа әрі жауапты кезеңге қадам басқанын, яғни жасанды интеллектіні барлық салаға жаппай енгізу кезеңі күтіп тұрғанын алға тартты. Оның айтуынша, осы бағыттағы ең өзекті жайттардың қатарында: жасанды интеллектіні қолдану этикасы, оның еңбек нарығына әсері, ЖИ-ды білім беру саласында кеңінен қолдану, киберқауіпсіздік, ЖИ-ді нақты секторларда және су ресурстарын басқаруда қолданысқа енгізу мәселелері бар.

— Жасанды интеллектті дамытудың негізгі қыры — халықаралық ынтымақтас-

тық. Тек бірлескен жағдайда ғана елдер жаһандық сын-қатерлерге тиімді жауап бере алады. Осыған орай, Мемлекет басшысы БҰҰ аясында «Жасанды интеллектіні басқару жөніндегі жаһандық диалогті» құру бастамасын қолдады. Сонымен бірге Қазақстан өз бастамаларын да белсенді түрде ілгерілетуде. Олардың қатарында Жасанды интеллект жөніндегі халықаралық консультативтік кеңес пен мемлекет, бизнес және ғылымды біріктіретін AlemAI орталығы бар, — дей келе Ерлан Қошанов бүгінде шетелдік серіктестермен бірлескен жұмыс ерекше маңызды екенін жеткізді.

Оның сөзінше, бұл шаралардың барлығы инновацияларды жедел енгізуді қамтамасыз етіп, елдің жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Ең бастысы, олар Мемлекет басшысы қойған үш жыл ішінде Қазақстанды толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыру секілді ауқымды мақсатқа жетуге көмектеседі.

Мәжіліс Төрағасынан соң сөз алған Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің міндетін атқарушы Жаслан Мәдиев жасанды интеллект экожүйесін дамыту бағытында елімізде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, негізгі бағыттар — институционалдық орта қалыптастыру, инфрақұрылымды жетілдіру және адами капиталды дамыту. Бұл ретте ЖИ жөніндегі заң жобасы, Цифрлық кодекс, Ұлттық ЖИ суперкомпьютерлік орталық, Ұлттық ЖИ платформасы іске қосылып, спутниктік интернет, 5G, деректер орталықтары мен оптикалық желілер кеңейтілуде. Сонымен қатар 1 млн адамды ЖИ дағдыларына үйрету, стартаптарды қолдау, Astana Hub пен халықаралық Alem.ai орталығын құру қолға алынғанын атап өтті.

— Қазақстандық стартаптардың халықаралық нарыққа шығуын қамтамасыз ету мақсатында Astana Hub-тың жаһандық қатысуын кеңейту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Бүгінде АҚШ-та, Сауд Арабиясында, Сингапурда, Ұлыбританияда, Дубайда және Шанхайда алты халықаралық инновациялық хаб жұмыс істейді. Сонымен қатар көлемі 1 млрд АҚШ



ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУ

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

долларын құрайтын Qazaqstan Venture Group венчурлік қоры құрылды. 2 қазанда Digital Bridge форумы аясында халықаралық жасанды интеллект орталығы Alem.ai ашылады деп жоспарлануда. Қазір Астана қаласы әкімдігімен бірлесіп орталықтың ашылуына дайындық жүргізілуде. Alem.ai экономиканың түрлі салаларына отандық жасанды интеллект шешімдерін әзірлеу мен енгізуге бағытталған таланттарды, зерттеушілерді, кәсіпкерлерді және мемлекеттік қызметкерлерді біріктіретін платформаға айналады, — деді ол.

Сонымен қатар Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жасанды интеллект саласында кадрлар даярлау мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту мәселелеріне тоқталды. Министрдің сөзінше, бүгінде 95 жоғары оқу орны ЖИ пәндерін енгізіп, 30 университетте 38 бағдарлама іске асуда, оқытушылардың жартысынан астамы арнайы курстан өтті. AI-Sana бағдарламасы арқылы жүздеген мың студент базалық білім алып, Alem.AI орталығында еңбек ететін мамандарды әзірлеу үшін қазірден бастап білім беру мен дайындық жүргізілуде. Сондай-ақ қазақ тіліндегі деректер қоры мен KazLLM үлгісі әзірленіп, тілге бейімделген қосымшалар жасалды.



цифрлық мемлекетке айналдыру міндетін қойды. Бүгінде Астана жасанды интеллект технологияларын енгізу бойынша Орталық Азияда көш бастап келеді. Соңғы жылдары елорда да цифрлық шешімдердің бірқатары табысты енгізілді. Қала тұрғындарымен тікелей байланыс орнататын IComet қызметі жыл сайын 2 миллионнан астам өтінішті өңдейді. Бұдан бөлек, тұрғын үй-

лионнан астам рентгенологиялық зерттеуді сақтап, талдауға мүмкіндік беретін жасанды интеллектке негізделген бірыңғай PACS жүйесі енгізілуде. AI-алгоритмдер ісік ауруларын 90%-дан жоғары дәлдікпен анықтай алады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Роговтың

де қылмыстарды жүзеге асыруда жиі пайдаланылатынын, сондықтан оған қарсы құқықтық механизмдерді құрудың бірінші кезектегі міндет екенін жеткізді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің цифрлық трансформация басшысы Бинұр Жаленовтің айтуынша, соңғы онжылдықта отандық қаржы секторы цифрландыруда айтарлықтай табыстарға жетіп, аймақтық қана емес, жекелеген көрсеткіштер бойынша әлемдік деңгейдегі флагманға айналды. Қазір жаңа шоттардың 80%-ы 3 минуттан аз уақытта ашылады, экономикалық белсенді халықтың 70%-ы мобильді банкингті пайдаланады. Қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі 86%-ға жетті.

— Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өткендей, Қазақстанды 3 жыл ішінде «толыққанды цифрлық мемлекетке» айналдыру міндеті қойылды. Бұл ретте жасанды интеллект тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде цифрландыру мен экономикалық өсудің негізгі факторына айналып отыр.

Халықаралық институттардың (PwC, ХВҚ, Accenture) бағалауы бойынша, жасанды интеллектті енгізу 2035 жылға қарай әлемдік экономиканың өсу қарқынын екі есеге арттыруы мүмкін және бүкіл әлем бойынша шамамен 40% жұмыс орындарына әсер етеді.

Осы технологиялық революцияның негізгі бенефициарларының бірі қаржы нарығы болады. McKinsey болжамы бойынша, жасанды интеллектті енгізудің нәтижесінде әлемдік қаржы нарығының жыл сайынғы кірісі шамамен 340 млрд АҚШ долларына артады, — деді Бинұр Жаленов.

Оның айтуынша, қаржы нарығында ЖИ экожүйесін дамыту үшін КРҰБ мен ҚНРДА арнайы «реттеуші құмсалғыш» құруда. Бұл қаржы ұйымдарына ЖИ шешімдерін қауіпсіз жағдайда сынап көруге және жоғары өнімді есептеулерді пайдалануға мүмкіндік береді. Жоба FCA/NVIDIA тәжірибесіне негізделіп, тәуекелдерді азайтуға бағытталған.

Алдағы уақытта реттеушілер дербес есептеу инфрақұрылымын құрып, пилоттық жобаларға тегін қолжетімділік беруді, халықаралық серіктестікті кеңейтуді және қызметкерлердің ЖИ құзыреттерін арттыруды көздеп отыр. Бұл шаралар ЖИ енгізу жөніндегі ұлттық тұжырымдама мен Жол картасында бекітіледі.

Парламент қабырғасында өткен тыңдауда халық қалаулылары жасанды интеллектті елімізде қолданудың болашақ тетіктерін, азаматтардың деректерін қорғау жолдарын және тұрақты даму қағидаттарына сай бизнес үшін тепе-теңдікті қалай сақтау керектігін талқыға салды. Барлық ұсыныс пен сын-ескертпелерді депутаттар мен уәкілетті органдар жұмыстарына енгізетін болды.

Ал тыңдау аясында өткен көрме Қазақстанның цифрлық бағыттағы әлеуетін айқын көрсетті. Мемлекеттік органдар мен IT-компаниялар ұсынған 20-дан астам жоба мемлекеттік қызметтер мен құқық қорғау жүйесінен бастап, медицина, білім беру, логистика және құрылыс салаларына дейінгі кең өрісті қамтыды. Көрмеде телемедицина мен ерте диагностикаға арналған шешімдер, студенттер мен ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған инклюзивті сервистер, интеллектуалды көмекшілер мен инвестицияға арналған платформалар назарға ұсынылды.

Бұл көрме бір нәрсені айқындап берді: Қазақстан бүгінде жасанды интеллектке сүйенген өз инновациялық өнімдерін дамытып, қоғам өмірінің барлық саласын қамтитын жаңа цифрлық экожүйені қалыптастырып келеді.

Кәмила ЕРКІН,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ МОДЕЛІ ҚАЖЕТ

Қазір 62 ғылыми жоба іске асып, жас ғалымдар белсенді қатысуда. Үкімет ЖИ-ды дамыту үшін суперкомпьютерлік инфрақұрылым құрып, халықаралық серіктестікті кеңейтуде. Алдағы міндет — заңнаманы жетілдіру, кадрларды толық қамту және OpenAI-мен білім беруді трансформациялау жобасын іске асыру.

Еуропалық одақтың жасанды интеллект туралы заңын әзірлеушілер қатысушысы Генрик фон Шиль үш негізгі хабармен келгенін айтып, Еуропалық одақтың жасанды интеллектті заңнамалық реттеудегі тәжірибесі тақырыбында сөйледі.

— Менің ойымша, жасанды интеллект алдағы он жылда Қазақстанды қатты өзгертеті. Сіздердің қазірден бастап ЖИ-ға үлкен мән беріп отырғандарыңыз өте жақсы. Мен өзім әлемнің түкпір-түкпіріндегі ЖИ жөніндегі түрлі заңды зерттеп шықтым және сіздердің жұмыстарыңызға қатты таңғалдым. Себебі сіздер Еуропалық одақ тәжірибесінен алуға болатын ең жақсы тустарды қолдандыңыздар, тәуекелдерді бағалаудан өттіңіздер, нарықтардың ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету жолдарын ойластырдыңыздар, сондай-ақ адам құқықтарын қорғауға көңіл бөліңіздер, — деп бөлісті сарапшы.

Оның айтуынша, жасанды интеллект — жай ғана технология емес, үлкен өзгеріс әкелетін құбылыс. Ол экономикаға да, қоғамға да, Үкімет пен халық арасындағы қарым-қатынасқа да тікелей әсер етеді. Генрик фон Шиль өз көзқарасын қорытындылай келе, жасанды интеллекттің бес деңгейден тұратынын, ал нағыз ЖИ серіктес ретінде қызмет етуі қажет екенін түсіндірді. Алдағы онжылдықтың күрделі болатынын айтып, Үкімет үшін ЖИ-ды енгізу — ең өзекті мәселелердің бірі екенін баса айтты.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қалалық ортадағы жасанды интеллект, оның ішінде елордадағы көлік, ТКШ, денсаулық сақтау саласындағы бірқатар маңызды қадамдарды атап өтті.

— Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында жасанды интеллекттің қарқынды дамуын ерекше атап өтті. Президент елімізді үш жылдың ішінде толыққанды



коммуналдық шаруашылық саласы бойынша 120 қызмет түрін ұсынатын QalaQyzmet сервисі жұмыс істейді (жылына 200 мыңнан астам өтініш қабылдайды). Сондай-ақ жол және қоғамдық қауіпсіздік саласында интеллектуалды «Сергек» платформасы құрылды, қоғамдық көлікте төлем және басқару жүйесі толық автоматтандырылды, ал Smart Astana мобильді қосымшасы тұрғындар мен қонақтарға арналған 70-тен астам цифрлық сервисі біріктіріп отыр, — деді.

Сондай-ақ Жеңіс Қасымбектің айтуынша, көлік саласында LRT жүйесін басқарудың ең жоғарғы автоматтандыру деңгейі — GoA-4 стандарты енгізілуде. Бұл жүйе пойыз қозғалысын машинистің қатысуынсыз толық автоматты басқаруға мүмкіндік береді. ТКШ саласында жасанды интеллект модульдері тұрғындардың өтініштерін жедел талдайды. Қоқыс шығару процесі GPS-мониторинг және фотофиксация арқылы толық бақылауға алынды. Денсаулық сақтау саласында 4 мил-

айтуынша, бүгінде әлемде жасанды интеллектті құқықтық реттеу бойынша екі негізгі тәсіл қалыптасқан. Бір топ елдер ҚХР мен АҚШ секілді заңнамалық шектеулер ғылыми прогресті және бәсекелік артықшылықты тежейді деп есептейді. Ал басқа топ елдер, атап айтқанда материктік Еуропа мен Ұлыбритания, керісінше, ЖИ-ды өндіру мен қолдануды мұқият заңнамалық реттеуді қолдайды. И.Роговтың пікірінше, үш мәселені реттеу қажет. Біріншісі — жауапкершілік мәселесі. Яғни, ЖИ-ға құқықтық субъектілік беру мәселесі әлі де ғылыми-фантастика деңгейінде тұр. Екінші мәселе — авторлық құқық. Игорь Рогов ЖИ арқылы жасалған ғылыми еңбектер, картиналар, музыка сияқты өнімдердің кімге тиесілі екені әлі де ашық тұрғанын, тіпті әзірленіп жатқан заң жобасында да бұл сұрақтың шешілмегенін атап өтті. Үшінші мәселе — заңға қайшы, қылмыстық мақсаттағы ЖИ қолдануға қарсы тұру. Қазірдің өзінде ЖИ-дың дауысты және сыртқы келбетті қолдан жасауда, алаяқтық пен өзге

БАҒДАР

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

ДАЛА ТӨСІНДЕГІ ДҮБІРЛІ ДОДА

Арқалық қаласында Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орай өткізілген «Ұлы дала жорығы» халықаралық ат марафоны өз мәресіне жетті. Жарысты JORYQ ат спорты федерациясы ұйымдастырды. Оған Туризм және спорт министрлігі, «AMANAT» партиясы және Қостанай облысы әкімдігі қолдау көрсетті.

Жеңімпаздарды марапаттау салтанатына «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Премьер-Министрдің кеңесшісі, JORYQ ат спорты федерациясы Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы Ералы Тоғжанов, «JORYQ» ат спорты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков және өзге де азаматтар қатысты.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Торғай өлкесі қазақ зиялыларының алтын бесігі әрі еліміздің қастерлі рухани орталықтарының бірі екенін атап өтті.

«Ұлы дала жорығы» осыдан үш жыл бұрын тікелей Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен басталған болатын. Үш жылдың айналасында бұл бәйге алтыншы мәрте өткізіліп жатыр. Осы уақыт ішінде марафон-бәйге әлемге танымал халықаралық жарыс деңгейіне көтеріліп келеді. Осының бәрі Президентіміздің ұлттық спортты дамытуға жасап отырған қамқорлығының, қолдауының арқасы екенін баса айтуға

тиіспіз. Бүгінде Ұлттық спорт халқымыздың ұлттық төлқұжатына, мақтанышына, тіпті өмір салтына айналды десе болады», — деді ол.

«AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы партия алдағы уақытта да ұлттық спорт түрлеріне, соның ішінде ат спортына жан-жақты қолдау көрсету жұмысын жалғастыратынын айтты. Мәселен, былтырел Президенті Мәжілістегі «AMANAT» партиясының фракциясы әзірлеген жылқылардың отандық тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері жөніндегі арнайы заңға қол қойды. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде жаңа ұлттық спорт орталықтары, клубтар, мектептер ашылууда. Онда 600 мыңнан астам адам қазақтың дәстүрлі спорт түрлерімен шұғылданады.

Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов «Ұлы дала жорығы» тек спорттық іс-шара ғана емес, сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы тұсында ел бірлігін, татулық пен достықты нығайтудың ерекше белгісіне айналғанын атап өтті.



«Бұл марафон — тек қана спорттық дода емес. Ол — халқымыздың тарихын дәріптейтін, ұлттық рухымызды жаңғыртатын, елдігімізді айқындайтын тағылымды іс-шара. Арқалық төрінде мәресіне жеткен бұл дода ұлы тұлғаның рухына жасалған тағзым, оның ұрпаққа қалдырған аманатын ұлықтаудың айқын көрінісі деп білемін. Айта кетейін, келесі жылы Арқалық қаласының 70 жылдық мерейтойы аталып өтеді. Осыған орай, «Ұлы дала жорығын» дәстүрлі түрде жалғастырып, осы тарихи датаға арнап өткізуді жоспарлап отырмыз», — деді аймақ басшысы.

Бес күнге созылған марафон қорытындысы бойынша, бірінші орынды Қырғызстанның бірінші құрамасы иеленіп, асқан төзімділігі мен шынайы шеберлігін көрсетті. Олардың жалпы уақыты — 26 сағат, 41 минут, 47 секунд. Екінші

болып мәре сызығын Ақтөбе облысының командасы кесіп өтті (27 сағат, 21 минут). Ал үшінші орынды Қостанай облысының бірінші командасы қанжығалады (27 сағат, 32 минут, 14 секунд).

Биыл жарысқа 19 команда, соның ішінде Қырғызстан және Ресей мемлекеттерінің өкілдері, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының командасы қатысты.

Еске сала кетейік, өңірде Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына орай өзге де ауқымды мерекелік іс-шаралар өтті. Қостанайда ұлы ақын әрі «Алаш» қозғалысының қайраткеріне арналған ескерткіш ашылды, ал Торғайда республикалық айтыс және ғылыми-практикалық конференция өтті. Сонымен қатар депутаттар мен қоғам белсенділері ақынның туған өлкесі Бидайық ауылында орналасқан мұражайға барды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қазақстанда нашақорлықпен күрес күшейіп келеді. Бүгінде 18 мыңнан астам азамат нарколог-дәрігерлердің бақылауында, олардың басым бөлігі — жастар. Соңғы бес жылда тәркіленген синтетикалық есірткі көлемі 143 есеге артқан. Тек биылдың өзінде құқық қорғау органдары 5 мыңнан астам есірткі қылмысын анықтап, қоғамдағы жағдайдың қаншалықты күрделі екенін көрсетті. Бұл сандар — дабыл қағарлық деңгейде. Нашақорлық енді жай ғана қауіп емес, тұтас бір буынның дертіне айналып отыр.

«AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты үшінші жыл қатарынан елімізде «Есірткіге жол жоқ!» акциясын өткізіп келеді. Бұл бастама қазірдің өзінде нашақорлық пен есірткі қылмыстарына қарсы күрестің басты бағыттарының біріне айналды. Мыңдаған ерікті күн сайын есірткі насихатына тосқауыл қойып, «Заң мен тәртіп» қағидатын күшейтуге және салауатты өмір салтын насихаттауға атсалысып отыр.

Акция Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында жүзеге асырылууда. Президент бірнеше рет нашақорлықпен күресті күшейтудің қажеттілігін атап өткен болатын. Биыл қаңтарда Қ.Тоқаев есірткі қылмыстары үшін жазаны күшейтетін заңға қол қойды. Құжатқа сәйкес, есірткі бизнесін ұйымдастырушылар мен заңды бұзған



ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ

құқық қорғаушыларға өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы енгізілді. Заң жобасын Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері әзірледі. Ал тамыз айында өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында Президент мемлекеттік саясаттың нашақорларға кеңшілік танытып, ал есірткі саудасына келгенде қатаң және мүлде төзбеушілік ұстанымда болуға тиіс екенін ерекше атап өтті.

«Есірткі қылмыскерлері жаңа ақпараттық технологияларды белсенді қолдануда. Әлеуметтік желілер арқылы жастарды жеңіл жолмен табыс табуға қызықтырып, оларды

есірткі тасымалдаушыларға айналдырып отыр. Бұл — тұтас буынға төнген үлкен қауіп. Сондықтан Президент бірнеше рет осы әлеуметтік кеселге ерекше назар аударды. Біз де нашақорлықпен күреске өз үлесімізді қосып келеміз. Үш жылға жетпей, 12 мың наркографитиді жойдық», — деді «Жастар Рухы» төрағасы Акерке Искандерова.

Рухтастар тек есірткі жарнамасын жоюмен шектелмей, жастар арасында ақпараттық материалдар таратып, жүздеген кездесу мен флешмоб ұйымдастыруда. Тек соңғы айларда еліміздің әр өңірінде шамамен 5 мың жас акцияға қатысты. Мәселен, Өскеменде полиция студенттерге есірткі тасымалдаушыларды ұстаудың үлгісін көрсетті. Құқық қорғаушылар граффити арқылы есірткі жарнамалағаны үшін қылмыс-

тық жауапкершілік қарастырылғанын ескертті. Қазір өңірде арнайы мониторинг тобы жұмыс істейді. Олар тыйым салынған жарнамалар туралы деректерді полицияға жолдап отыр.

Салауатты өмір салтын насихаттау да басты назарда. «Чемпиондық рух» жобасы арқылы «Жастар Рухы» жастар қанаты жасөспірімдер мен студенттерді спортқа тартып, чемпиондармен кездесулер мен мотивациялық сессиялар ұйымдастыруда. Бағдарлама аясында еліміздің барлық өңірінде турнирлер, шеберлік сабақтары мен жаттығулар өткізіліп келеді. Іс-шараларға ондаған танымал спортшы мен мыңдаған жасөспірім қатысуда.

Спорттық бастамалардан бөлек, «Жастар Рухы» жастар қанаты заманауи форматтарды да белсенді қолдануда. Бір Tolqyнда және «Рухтастар Cases» диалог алаңдары жастар арасында сұранысқа ие болса, IT саласында да инновациялық жобалар қолға алынған. Мәселен, 2023 жылы Astana Hub-пен бірлесіп AMANAT TECH атты республикалық хакатон өткізілді. Байқауда қатысушылар нашақорлыққа қарсы күрес пен тәуелділерді оналтуға арналған тың шешімдер ұсынды.

Осылайша, «Жастар Рухы» жастар қанаты елімізде есірткіге төзбеушілік мәдениетін қалыптастырып, «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайтуға үлес қосып келеді. Рухтастар барлық бағытта жүйелі әрі үздіксіз жұмыс жүргізуде — көшелердегі наркожарнамаларды жоюдан бастап жана цифрлық сервистерді құруға дейін. «Есірткіге жол жоқ!» акциясы мемлекеттің, партияның және жастардың күш-жігерін біріктірген тұрақты қозғалысқа айналды.

Дайындаған: Елнар ЕЛТАЙ

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Бүгінгі әлем бұрынғысынан өзгереді. Сол себепті де климаттың құбылуы, халық санының артуы, әлемдегі геосаяси шиеленістер ауыл шаруашылығына айрықша міндеттер жүктеп отыр. Ауылы аман, шаруасы бүтін елдің экономикасы тұрақты. Өз азығын өзі өндіреді, ұпайы да түгел. Президент те халыққа Жолдауында бұл басымдықты басып айтты. Әсіресе, жерді басқарудағы түбегейлі өзгерістерді, цифрлық технологиялардың күші және қолданбалы ғылымның әлеуетін айқындап берді. Бірақ миллиондаған гектар жердің бос жатуы, алыпсатарлықтың белең алуы және азық-түлік құнының қымбаттауы сияқты мәселелер қоғамды алаңдатып отыр. Жерді кім иеленуге тиіс? Ауыл шаруашылығы қайтсек алға басады? Бұл сұрақтарды Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Қайрат Балабиевке қойған едік.

Қайрат БАЛАБИЕВ,
Мәжіліс депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:



ІЗДЕНІС БОЛМАҒАН ІС ІЛГЕРІ БАСПАС

— Президент Жолдауында жер мәселесіне ерекше тоқталды. Сіздіңше, жерді басқаруда қандай түбегейлі өзгерістер керек?

— Жер — стратегиялық ресурс болғандықтан, ол кім көрінгеннің қолында емес, жердің қадірін білетін, оны игеріп, ел игілігіне жарататын азаматтардың қолында болуға тиіс. Мысалы, соңғы төрт жылдың ішінде мемлекет меншігіне 13,5 миллион гектардан астам жер қайтарылғанымен, әкімдер соның тек 6 миллионын ғана қайта үлестірген. Бұл — жай ғана статистика емес, елдің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін мәселе. Ауылдың қаншама адамы егіндікке жер таппай отырғанда, кең-байтақ аумақтың бос жатуы ақылға қонымсыз. Сондықтан алдағы жылдың ортасына дейін әкімдер қайтарылған жердің барлығын нақты айналымға енгізіп, ауылдағы жайылым тапшылығын түбегейлі шешуге тиіс.

Бұл мәселеде алыпсатарлардың да үлесі жоқ емес. Сол себепті жерді онды-солды аукцион арқылы сатып, делдалдардың қолына өткізуге жол берілмеуі қажет деп есептеймін. Сондай-ақ жаңа иеленушілерге де қойылатын басты талап мемлекеттен алған жерді игеріп, өндіріс ошағына айналдыру болып отыр. Бұл ауыл шаруашылығының дамуына ғана емес, халықтың кейінгі тұрмыс-тіршілігіне де тікелей ықпал етеді.

Президент сонымен қатар заманауи технологияларды енгізуді міндеттеді. Ауыл шаруашылығы жерлерін спутник арқылы бақылап, жасанды интеллект көмегімен олардың сапасын, егіннің шығымын, дақылдардың жай-күйін терең талдау қажет. Жердің бірыңғай цифрлық картасы жасалып жатыр, оған кадастрлық мәліметтерден бастап, инфрақұрылым мен жер қойнауын пайдалану жайлы деректер енгізіледі. Осы картаның арқасында қазір бос жатқан мил-

лиондаған гектар жердің нақты жағдайы анықталып, оны халықтың қажетіне жаратуға мүмкіндік туады.

Жаңа иеленушілер алған жерін бос жатқызбай, шынымен егін егіп, мал жаяуы тиіс. Бірақ мұнда тағы бір үлкен мәселе бар — жердің әділетті бөлінуі. Біз оны кім көрінгенге қағаз жүзінде беріп қойып, оны кейін иесі пайдаланбай бос қалдырған жағдайға жол бермеуіміз керек. Осыны қадағалауда электронды конкурс пен цифрлық бақылаудың рөлі зор. Бүгінде жерді спутник арқылы бақылап, жасанды интеллект көмегімен қаншалықты тиімді пайдаланылып жатқанын көруге болады. Бұл — үлкен жетістік. Бірақ жемқорлық пен заңсыздық жойылмайынша, нәтиже толық болмайды.

Сондықтан ауыл шаруашылығына арналған жерді нақты шаруаларға, яғни егін егіп, мал ұстап отырған азаматтарға беру қажет деп ойлаймын. Сонда ғана жердің шынайы құны артып, елдің азық-түлік қауіпсіздігі де нығая түседі.

— **Азық-түлік қауіпсіздігі демекші, жақында ғана ет бағасының күрт қымбаттауына не себеп болды деп ойлайсыз?**

— Ет бағасының шарықтап кетуінің бірнеше себебі бар. Ең біріншіден, соңғы жылдары халықтың ауыл шаруашылығынан алыстап, сауда-саттық пен қызмет көрсету саласына кетуі — басты факторлардың бірі. Сондықтан болар Президент Ауыл шаруашылығы министрлігіне мал шаруашылығын дамыту үшін арнайы жоспар әзірлеп, оны қаржыландыруды бастап, сонымен бірге осы саланың экспорттық әлеуетін күшейтуді тапсырған болатын. Өйткені бағасы 6 мың теңгеге дейін көтерілді. Нарыққа шығарылып жатқан малдың өзі бізде өсірілген емес, көбіне көршілес елдерден әкелініп, бордақыланған импорттық мал болып отыр.

Осы себептен бізге ата кәсіпті жүйелі түрде дамытып, өзіміздің мал шаруашылығын кеңейту қажет, әйтпесе халықты арзан етпен қамтамасыз ете алмаймыз. Сыртқы нарықта баға қымбат болса да, етке сұраныс жоғары болғандықтан, саудагерлер көбірек табыс табуды ойлайды, ал оларды кінәлауға да келмейді, себебі нарық заңы солай.

Дегенмен күн сайын шамамен 150 мың бас малдың қара нарық арқылы көрші елдерге кетіп жатқаны қауіпті құбылыс екенін ашық айтуымыз керек. Ұлан-ғайыр даламыздың көп жері бос жатса да, ауыл тұрғындары мал жаятын жер таппай отыр. Жайылымға жарайтын аумақтар бар болғанымен, ол жерлерде су болмағандықтан, мал бағуға келмейді. Егер баяғыдай қойшы ауылдарды көбейтіп, мал шаруашылығын өркендетсек, бүгінгі ет бағасы мұншалықты қымбаттамас еді.

Мал ұстайтын үй шаруашылығы азайды, ал сұраныс керісінше өсті. Екіншіден, жайылым тапшылығы қатты сезілуде. Су жеткізілмеген, инфрақұрылымды дұрыстап, жайылымды тиімді игеріп, малды бақылау жүйесін күшейтсек, бұл мәселе шешімін табар еді.

— **Қолданбалы ғылымсыз агроөнеркәсіп бәсекеге қабілетті бола алмасы анық. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін қандай нақты қадамдар жасалуда немесе жасауға тиіспіз?**

— Әрине, агроөнеркәсіп өндірісін әртараптандыру үшін агроғылымды дамыту керек. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, Түркия, Қытай, АҚШ сияқты елдер ауыл шаруашылығын қолданбалы ғылым арқылы өркендетіп отыр. Жаңа тұқымдар, озықагротехнологиялар, малдың асыл тұқымын көбейту

тәсілдері — бәрі ғылымның жемісі. Бізде өкінішке қарай, ауыл шаруашылығындағы ғылым екінші орында қалып келеді. Ал шын мәнінде, агрономия, мал шаруашылығы, топырақтану салаларына мемлекет тарапынан көбірек қаржы бөлініп, ғылыми орталықтар мен тәжірибелік шаруашылықтар қайта жандануға тиіс.

Мемлекет басшысы да қолданбалы ауыл шаруашылығы ғылымын жедел өркендетпейінше, агроөнеркәсіп кешенін ұзақ уақыт бойы қарқынды дамытудың мүмкін еместігін қадап айтты. Қолданбалы ғылым бұл саланы ғылыми дәлдікпен жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы айтқандай, ғылымға қомақты қолдау көрсетіліп жатқанымен, қайтарымы болмай жатыр. Ғылым мен технология жұмыс істемесе қай салада болмасын терең өңдеуді қалай іске асыруға болады? Ізденіс болмаған істе серпіліс болмайды.

Мәселен, Түркия ішкі нарығын азық-түлікпен қамтамасыз ететін, экспорттық әлеуеті жоғары бірден-бір мемлекет. Импортқа да аса тәуелді емес. Өйткені онда да көптеген елдегі сияқты ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін қолданбалы ғылымды пайдаланады. Түрік университеттерінде бұл салада зерттеулер жүргізіп, инновациялық жобаларды жүзеге асырумен айналысатын, жаңа технологияларды ойлап табатын мамандарды арнайы даярлайды. Қытайда да агротехнология, мал және балық шаруашылығын шарықтау шыңына жеткізіп жатқан қолданбалы ғылым. Алып АҚШ та қолданбалы ғылым озық технологиялар мен ғылыми жетістіктер ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен тиімділігін арттыру, өсімдіктердің жаңа сорттары мен асылтұқымды мал басын көбейту үшін жұмыс істеп тұр. Онда жасанды интеллект пен цифрлық технологияға сүйенеді. Жалпы алғанда қолданбалы ғылым агрономиялық бағытта — өнім өсіру мен өндіру, отын, жем-шөп, талшық алу, мелиорацияны, ал мал шаруашылығында етті және сүтті тұқымды төл өсіруде жетістікке жеткізеді. Сондықтан Мемлекет басшысының бастамаларын сөзсіз қолдап, іске асуына атсалысу керек. Елімізде агротехнология хабы ретінде қайта құрылатын Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы осы мақсатта нәтиже көрсетеді деп сенеміз. Сол сияқты цифрлық технологияларды қолдануға және саланың өнімділігін арттыруға арналған ауыл шаруашылығы ғылымын дамытудың нақты жоспары жақсы түзіледі деп күтеміз.

— **Ғылымды сөз еткенде кешенге құйылған инвестицияны айналып өте алмаймыз. Соның арқасында қазір агроөнеркәсіп өнімдерін терең өңдейтін кәсіпорындардың қатары көбейіп келеді. Дегенмен бұл саланы әрі қарай дамыту үшін нендей кедергілерді еңсеруіміз қажет?**

— Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін ірі жобалар іске асып жатқаны қуантады. Бұл жобаларға отандық және шетелдік инвесторлар қаржы құйып отыр. Президенттің айтуынша, салаға 2 миллиард доллардан астам инвестиция тартылып, үш мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады. Өндірілген өнімдер тек ел ішінде ғана емес, шетелге де шығарылады. Өңірлердің ерекшелігіне қарай, өнімді өндіруден бастап дүкен сөресіне жеткізуге дейінгі жүйені

дамытуға мүмкіндік бар. Ол үшін халыққа қолдау көрсетіліп, бизнес бастауға жер мен қаражат берілуге тиіс. Егер банктер Қытайдағыдай халыққа 1 пайызбен несие таратса, бұл кәсіпкерлерге үлкен көмек болар еді. Өйткені қазіргі жоғары пайыздар ірі компанияларды да қысып отыр, ал бұл бизнестің болашағына қауіп төндіреді.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығында терең өңдеуді жолға қоюды, тәжірибелі агрохолдингтердің үлгісін таратып, өндірісті цифрландыруды тапсырды. Түркістан облысындағы «Бөрте-милка» кәсіпорны цифрлық жүйені енгізіп, сүттің түрлі өнімін шығарып отыр. Мұнда қағазбастылық жоқ, ашықтық бар, сондықтан бұл үлгі басқа өңірлерге де пайдалы.

Қазір инвестициялық жобалар мақтадан жіп иіру, мата тоқу, киім тігу, май шығару, малға жем жасау сияқты салаларды қамтып отыр. Бірақ ең басты мәселе — жем-шөптің жетіспеуі мен қымбаттығы. Егер Сауд Арабиясы мен Қытайдағыдай кең жерлерді көгалдандырып, жем-шөп өндірісін жолға қойсақ, еттің бағасы да тұрақтар еді.

Ауыл халқының қалауы қарапайым: сүтті, етті, тері мен жүнді, егін өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар керек. Қытай мен Үндістанда халықтың көбі осындай ұсақ кәсіппен айналысып, күнделікті тұтынатын тауарларды шығарып отыр. Тіпті, коқыстан да табыс тауып жатқанын көреміз. Біз де ауыл шаруашылығы өнімдерін күнделікті тұтынуға ыңғайлап, өңдеуді жолға қоюымыз керек.

Мысалы, қымыздан косметика шығаруға болады, сиырдың сүтінен күрт-май өндіретін шағын цехтар ашуға болады. Түйе сүтін де фармацевтика саласында кәдеге жаратуға болады. Ол үшін бізге агрономдар, ветеринарлар, технологтар сияқты көп маман қажет. Білікті мамандар көбейсе, ауыл шаруашылығы да бәсекеге қабілетті болады. Сондай-ақ жиналған өнімді сақтау үшін заманауи қоймалар мен элеваторлар салу қажет. Сапалы өнім алу үшін сапалы тұқым керек. Сондықтан тұқым шаруашылығын қолдаудың жаңа жолдары қарастырылады. Түркістан облысында жаңа сортты мақта егіліп, мол өнім алынууда. Бұл мақта сапасы жоғары, жіп иіруге және мата тоқуға қолайлы.

Қазір тұтынушылар сапаға қатты мән беріп отыр. Сондықтан біз де өнімнің түрін емес, сапасын басты орынға қоюымыз керек. Егер осы айтылғандардың бәрі жүзеге асса, Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін тек өсіріп қана қоймай, оны терең өңдеп, сапалы өнім шығаратын елге айналады.

Негізінде, ауыл шаруашылығы — адамзаттың ең ежелгі кәсібі әрі ең сенімді табыс көзі. Өндіріс пен сауда кейін пайда болды ғой, ал адамзаттың тіршілігі әу бастан-ақ жерге, малға, егінге байланған. Сондықтан технология қанша қарыштап дамыса да, адамдар азық-түлікке тәуелді болып қала береді. Жаһандық саясаттағы қактығыстар, азық-түлік дағдарысын саланың стратегиялық мәнін арттыра түсті. Егер біз мал шаруашылығы мен егіншілікті жаңа деңгейге көтерсек, ішкі нарықты қамтамасыз етіп қана қоймай, сыртқы экспортта да мықты ойыншыға айналар едік.

— **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

ТЫНЫС

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ



Қазақстандықтар
қыркүйектің соңғы
жексенбісінде Еңбек
күнін атап өтеді.

Жұмысшы мамандықтар жылы аясында елімізде еңбек адамының беделін көтеру, кәсіби білікті кадрларды дәріптеу, нарыққа қажет мамандарды насихаттау бағытында біршама жұмыс атқарылып жатыр.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, қазір Ұлттық кәсіби классификаторда (ҰКК) 1 274 мамандық тобы және 12 185 мамандық пен қызмет түрі тіркелген екен. Ең көп жұмысшы мамандықтары 5-9 негізгі топтарда шоғырланған, олардың саны шамамен 6 677 атауды құрайды. Сәйкесінше, 5-топ «Қызмет көрсету және сауда саласының қызметкерлері» 279 мамандықты, 6-топ «Шаруа қожалықтарының және ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық шаруашылығы мен балық аулау жұмысшылары» 174 мамандықты, 7-топ «Өнеркәсіп, құрылыс, көлік және басқа да салалардағы жұмысшылар» 2 327 мамандықты, 8-топ «Өндірістік жабдық операторлары, жинақтаушылар және жүргізушілер» 3 385 мамандықты қамтиды. Еңбек адамы — бұл тек кәсіпорындар мен зауыттарда жұмыс істейтін жұмысшы ғана емес, бұл — өз ісіне адал, кәсібіне жауапкершілікпен қарайтын кез келген маман. Мұғалім де, дәрігер де, инженер де, шаруашылық иесі де еңбек нарығындағы ең белсенді жұмыс күші ретінде қоғам дамуына үлес қосады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», — деді. Бұл тұрғыда Президент жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек — қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс екеніне басымдық беріп отыр. Яғни, адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек, еңбек адамының беделін көтеру, кәсіби білім беру және еңбек нарығына қажетті мамандықтар бойынша оқытуды жетілдіру керектігіне назар аударып отыр. Мәселен, Ұлттық статистика бюросы 2024 жылы елімізде еңбекке қабілетті шамамен 9,6 млн адам бар деген статистика ұсынды. Соның ішінде, қазір 2 млн 300 мың адам жұмысшы мамандығы бойынша жұмыс істейтін болса, олардың 470 мың-

нан астамы зиянды еңбек жағдайында жұмыс істеп жүр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде зиянды еңбек жағдайында жұмыс істеген



ЕҢБЕК АДАМЫ —



қызметкерлерді әлеуметтік қолдау үшін арнайы төлем енгізілді. Оны алу үшін азаматтың жасы 55-ке толуы және кемінде жеті жыл бойы міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленуі қажет. Бүгінде 14 мыңнан астам қызметкер зиянды еңбек жағдайындағы жұмысын тоқтатып, арнайы төлем алып жатыр.

ҰРПАҚКА ЖАЛҒАСҚАН ҰЛЫ ЖОЛ

Қазақ халқы ежелден «Еңбегімен ер сыйлы» деп еңбекпен есейген адал еңбек иесін құрмет тұтады. «Жалқаудың жаны тәтті, еңбектің наны тәтті» деп еңбекпен келген нанның киесін ұғындырады ұрпаққа. Бабадан балаға жалғасқан еңбектің қадірін әспеттейді. «Еңбек түбі — береке» деп ырыздық-несібенің адал еңбекпен келгенін құптайды. Еліміздің дамуында еңбек династиясын қалыптастырып, ұзақ жылдар бір салада әулетімен абыройлы қызмет еткен маман иесі көп. Елге үлгі еңбек династияларын санамаласак, «аузымызды ашып, көзімізді жұмып» танданар едік. Жалпы, ел экономикасына қажырлы еңбегімен дәстүрлі түрде ауыр жұмыс жағдайына қарамай өз отбасыларында кәсіби дағдыларды ұрпақтан-ұрпаққа беретін еңбек әулеттері аз емес. Ресми ақпарат көздерінің есебінше, республи-

камызда осындай жүздеген әулет бар, олардың ішіндегі ең ірілерінің жалпы еңбек өтілі 3,3 мың жылдан асты.

Мәселен, Тукубаевтар әулеті өткен ғасырдың 30-жылдарында теміржол саласында еңбек ете бастаған, олар Түркістан-Сібір магистралінің құрылысына қатысқан. Бүгінде олардың жалпы еңбек өтілі 600 жылға жуық. 460 жылдан астам уақыт еңбек өтілімен теміржолшы Амангел-

мақалада еліміздің түкпір-түкпірінде қажырлы еңбек етіп, қарапайым тұрмыс кешіп жатқан еңбек династиясын қалыптастырған абыройлы әулеттер қатарын тізіп шыға алмайтынымыз анық.

Ұрпаққа мұра еңбек жолы 450 жылға жеткен Ақмола өңірінің тумасы Мақановтар әулеті ұстаздық — ұлы жолда ұстаздар династиясын қалыптастырған үлкен әулет. Жүрек қалауымен ұстаз болуды тандаған Барқыт Серікбайқызының анасы да мұғалім. Отбасында анасының жолын қуып апалы-сіңілі үшеуі мектеп қабырғасында ұзақ жылдар еңбек етіп келеді.

— Өзім мұғалімдер отбасында дүниеге келдім. Анам мұғалім, отбасындағы 5 қыздың үшеуі анамыздың жолын қуып, мұғалім мамандығын тандадық. Көзімді ашқаннан көргенім мұғалімдер ғой, тіпті бала кезімде мен мұғалімнен басқа мамандық болатынын білмедім. Мұғалім мамандығын соншалықты қадірлеп өскенім Алланың жіберген сыйы болар, содан ұстаздар әулетіне

жылды құрайды, — деді Барқыт Мақанова.

Барқыт Серікбайқызының айтуынша, соңғы жылдары жас мамандар көп болмаса да мектепке келіп жатыр. Ең бастысы енді сол мамандарды мектепте ұстап қалу. Оларға тәжірибелі педагогтерден тәлімгер тағайындалып, мектепте тұрақты еңбек етуге ыңдаландыру қажет.

— Жас мамандарға айтарым, ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сіздің алдыңызға келетін бала біреудің маңдай алды жарығы, енді бірі — жар дегенде жалғыз, бірі — ерке, бірі — қой аузынан шөп алмас момыны. Маңдай алды жарығын таңшолпандай жарқыратып, жар дегенде жалғызды көпшілікке үйретіп, қой аузынан шөп алмасты ортада жаркылдап сөйлер шешен қылып тәрбиелеу үшін қажымас қайрат пен батырлық қажет. Әрине, мұғалім бола салу оңай, ал жақсы мұғалім болу — мыңның біріне ғана бұйыратын бакыт, — деді ұлағатты ұстаз.

Сондай-ақ Б.Сарқытқызы: «Халқымызда «Ұстаң көштен қалса, көп болса желімді тостақсыз қаларсың. Ал ұстазың көштен қалса, білімді ұрпақсыз қаларсың» деген өсиет бар. Қазіргі күн санап, сағат санап өзгеріп жатқан жаһандану заманында сан түрлі жаңалықтың жаршысына айналған мұғалімге артылған жүктің салмағы да ауыр екені анық. Сондықтан қазіргі заман мұғалімі заман көшіне ілесе алатын, жан-жақты, баламен, ата-анаммен, әріптестерімен тіл табыса алатын дипломат болу керек», — деді.

Мемлекетіміз еңбек адамының мәртебесін көтеру, оның қажырлы еңбегіне әділ баға беру, адал еңбекті насихаттау бағытында 2013 жылдан бері «Еңбек күні» мерекесін атап өтеді. Бұл күн — қарапайым жұмысшыдан бастап, еліміздің ірі өндіріс ошақтарында қызмет етіп жүрген

**Еліміздің дамуында
еңбек династиясын
қалыптастырып, ұзақ жыл-
дар бір салада әулетімен
абыройлы қызмет еткен ма-
ман иесі көп.**

диндер отбасы 4 ұрпақты бір салада адал еңбекке ұйытып келеді. Ал Ковалев-Мехнинный әулеті 383 жылдан астам уақыт бойы инженер-физик, дозиметрист болып қызмет етеді. Ақмола облысының педагогика саласында 4 ұрпаққа дейін жалғасып, қызмет етіп келе жатқан ұстаздар династиясы — Рыспамбетовтердің еңбек өтілі 220 жылдан асқан. Бір

келін болдым. Мақановтар әулетіне келін болып түскенімде, бұл отбасында алты мұғалім білім саласында өнімді еңбек етіп жатқанын көрдім. Қазір ұстаздық жолында он екі адам қызмет етеміз. Біз үшін ұрпақ тәрбиесі мен баланың білім шырағын жағу қасиетті парызымыз секілді. Жалпы, біздің әулеттің педагогикалық тарихы, еңбек өтілі 500

ТЫНЫС

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

мамандарға дейінгі барлық еңбеккерге деген алғыс пен ризашылықтың нышаны болып қалыптасты. Ал 2016 жылдан бастап Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын еңбек күнін мерекелеуге және еңбек адамын құрметтеуге лайықты «Еңбек жолы» республикалық конкурсын өткізеді. Бұл байқау нәтижелі еңбекті ынталандыруға, жастар арасында жұмысшы мамандықтарды кеңінен насихаттауға және жұмысшы әулеттердің көпжылдық дәстүрлерін нығайтуды көздейді.

ҒАСЫРЛАР ШЫНДАҒАН ШЫНДЫҚ

Биылғы «Еңбек жолы» республикалық байқауының облыстық кезеңінің «Үздік еңбек әу-

негізгі мамандықтар бойынша еңбек етіпті. Түркістан облысынан келген Дербисовтер отбасы еңбек жолын Қазақстан теміржолының дамуына арнап, саланың қауіпсіздігі мен тұрақтылығына үлес қосты. Дәстүрді, еңбек тәртібін, жоғары жауапкершілікті сақтап, бүгінде немерелері сол салада еңбек етуде. Олардың жалпы еңбек өтілі 340 жылды құрайды.

Біз мысал етіп отырған әулеттер ғасырлардан астам уақыт бойы бір салада еңбек етіп, адал, қажырлы еңбектің, қажымас қайсар рухтың үлгісі бола білген жанкешті жандар екені сөзсіз. Еселі еңбекпен еңсесін тіктеген мұндай аңыз отбасылар қазақ қоғамында аз емес. Көріп отырғанымыздай, алды алты ғасыр

өзі еңбек еткен жылдарда 1 253 жас маманға тәлім беріп, түрлі салада өз білімі мен тәжірибесін ұқтырды. Бұлардың ішінде ең көп шәкірт тәрбиелеген тәлімгер — Алматы қаласынан Алшын Алтыбаев. Ауыл шаруашылығын механикаландыру және цифрлық трансформациялау саласында 50 жыл бойы еңбек етіп, 500-ден астам жаңа қызметкерді оқытқан Алшын Алтыбаевтың еңбегі, кәсіби біліктілігі мен абыройы қай кезде де жоғары бағаланатыны анық. Сондай-ақ Қостанай облысынан электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі 5-разрядты электромонтер Ришат Фастхутдинов пен Қызылорда облысының күріш өсіру бригадасының жетекшісі Гүлсім Дарибаева 100-ден астам маманға білім беріп, біліктілік кәсіпке шындаған.

Бұл тұста еске сала кетсек артық болмас бір мәселе — байқаудың жыл сайын екі кезеңде ұйымдастырылатындығы. Яғни, өңірлік және республикалық деңгейде үш номинация бойынша өткізілетін байқау «Үздік еңбек әулеттері» — ең көп мүшесі бар, ең ұзақ жалпы еңбек өтіліне ие, марапаттары ең көп еңбек әулеті таңдалады, келесі «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» — байқауға құжат тапсырған сәтте кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар, ең мықты деген тәлімгерлер іріктеледі және «Өндірістің үздік жас қызметкері» — еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын, өндірісте белсенді және еңбекқор жас маман таңдалады.

ӨРКЕНДІ ӨНЕРКӘСІП — ӨНЕГЕЛІ ҮРДІС

Жалпы соңғы жылдары елімізде еңбек адамын насихаттаумен қатар, қоғамда жұмыссыздық мәселесін жою, жастарды заман сұранысына ие мамандықтарға баулу мәселесі өзекті болып отыр. Индустрия және құрылыс вице-министрі Иран Шарханның айтуынша, өндіріс орындарына қажетті мамандарды даярлау ісінде кәсіби стандарттарды енгізу және дуалды білім беру жүйесін дамыту негізгі құралға айналған. Нәтижесінде, биыл Индустрия және құрылыс ми-

нистрлігі сегіз сала бойынша 88 кәсіби стандартты әзірлеп, жариялауды жоспарлап отыр. Бұл 544 мамандықты қамтиды.

«Кәсіби стандарттарды енгізу нақты сектордың кадрларға деген сұранысын білім беру жүйесімен ұштастыруға мүмкіндік береді. Бұл еңбек нарығындағы

ның технологиялық трансформациясы жағдайында және жұмысшы мамандарға қойылатын талаптардың күшеюіне байланысты ерекше маңызға ие», — дейді ол.

Еңбек нарығының сұранысына сай мамандар даярлау демекші, Мемлекет басшысы бұл

Төртінші өндірістік революция дәуірінде жаңа мамандар даярлау үшін білім жүйесінің әлемдік стандартқа сай кешенді жаңаруы маңызды.

мамандардың сұранысқа ие болуын арттырады. Сонымен қатар теория мен өндірістік тәжірибені үйлестіретін дуалды оқыту үлгісіне айрықша көңіл бөлінуде. Бүгінде дуалды оқыту жүйесі негізінде елімізде 284 колледж 700-ден астам кәсіпорынмен серіктестікте кадр даярлайды. Бизнесті тарту арқылы жасалған меморандумдар аясында нақты өндіріс орындарының сұранысына бейімделген 30-дан астам білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда», — дейді И.Шархан.

Министрліктің шілде айындағы есебіне сүйенсек, өнеркәсіп саласында жыл сайын 13 мыңнан астам жас маман тұрақты жұмысқа орналасады. Сондай-ақ министрлік тарапынан кәсіптік бағдарлау бағытында мыңдаған мектеп оқушысына жүйелі түрде іс-шаралар ұйымдастырылады. 2024 жылы 2 мыңнан астам студент өнеркәсіп кәсіпорындарында өндірістік тәжірибеден өтті және ведомствоның ұйытқы болуымен алдыңғы қатарлы білім беру технологияларын енгізу мақсатында халықаралық әріптестікті дамыту жұмыстары жалғасуда.

«Бұл тәсіл кадрлар санын арттырумен қатар, олардың сапасын да көтеруге мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, өнеркәсіп секторы-

саладағы мемлекеттік саясат халықты лайықты жұмыспен қамту және әділ еңбекақыға негізделуі тиіс екенін үнемі айтумен келеді. Ол үшін Үкіметтің алдына шұғыл шешілуі тиіс бірнеше міндет те жүктелді. Төртінші өндірістік революция дәуірінде жаңа мамандар даярлау үшін білім жүйесінің әлемдік стандартқа сай кешенді жаңаруы маңызды. Сонымен қатар сапалы жұмыс орындарын құру және жастарды жұмыспен қамтамасыз етуде «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға», «Серпін», «Жастар — ел тірегі», «Жастар практикасы» сияқты бағдарламалардың тиімділігін арттыруға басымдық беріледі.

Еңбек нарығындағы жұмыссыздық жағдайында ескеретін тағы бір мәселе қалалар мен ауылдық жерлердегі жұмыссыздық деңгейіне қатысты болып отыр. Ұлттық статистикалық бюросның мәліметінше, бүгінде елдегі жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайызды, ал ауылдық жерлерде 4,7 пайызды құрап отыр. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жұмыспен қамту департаменті директорының орынбасары Айжан Жапалбаеваның айтуынша, ауыл мен қаладағы жұмыссыздық мәселесінде көп айырмашылық жоқ.

«Айырмашылық өте шамалы. Мансап орталықтары ауылға да, қалаға да назар аудармайды, олар үшін адамның қай жерде тұратыны маңызды емес. Олар барлық облыстармен, аудандармен және бүкіл халықпен кешенді түрде жұмыс істейді», — деп атап өтті ол.

Қалай десек те, қазіргі ақпараттық технологиялар ғасырында біздің күнделікті өміріміз цифрлық жүйелер арқылы жеңілдей түскені анық. Тіпті, кейбір мамандықтардың қоғамдағы орны жоғалып та жатыр. Білім алу, жұмыс істеу, демалу, тіпті денсаулығымызды қадағалау, барлығы цифрлық жүйелер арқылы жүзеге аса бастады. Дегенмен автоматтандыру мен роботтандыру адам ақыл ойын, адал еңбек пен жауапкершілік жүгін алмастыра алмайтыны даусыз.

ЕЛ ТІРЕГІ



леттері» номинациясы бойынша 20 жеңімпаздың жалпы еңбек өтілі 3 934 жылды құрған. Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, кейбір аймақтардан келген еңбек әулеттері бір салада бірнеше жүз жыл бойы еңбек етіп келе жатқанына куә боламыз. Ең ұзақ еңбек өтілі Шығыс Қазақстан облысындағы Деминдер отбасы, әулеттің негізін қалаушы — 1908 жылы туған, көпбалалы отбасынан шыққан Михаил Демин. Михаил Демин және оның балалары «Казцинк» ЖШС Риддер металлургиялық кешенінде өндірісте жұмыс істеп келген. Олардың көбі осы жерден зейнеткерлікке шығып, балалары, немерелері мен шөберелері — 4 ұрпақ серіктестіктің әртүрлі бөлімшелерінде еңбек етуде. Әулеттің жалпы еңбек өтілі — 650 жыл. Сондай-ақ 300 жылдан астам уақыт еңбек өтілі бар Қарағанды облысынан шыққан Волокитиндер отбасы көмір өнеркәсібінде 350 жылдан астам бірлескен тәжірибе жинақтапты. Әулет 1950 жылдардан бастап үш ұрпақты қамтиды. 12 отбасы мүшесі В.Ленин атындағы, «Долинская», «Казахстанская» шахталарында электрослесарьлар, орнатушылар, кеншілер, табельщиктер, қауіпсіздік диспетчерлері, тау-кен шеберлері сияқты



ЖАҢАҢ-САРАП

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Жаңалығы жарықтың жылдамдығымен жарысып, озытын қазіргі цифрландыру заманында ақпарат – атом бомбасындай «жаппай қырып-жою» қаруына айналды. Америка 1945 жылғы 6 және 9 тамызда Хиросима және Нагасаки қаласына атом бомбасын тастап, ондаған мың адамды мерт қылды, Жапон империясын тізе бүктірді. Қазір ядролық қаруды қолданудың да қажеті жоқ. Жалған ақпараттың көмегімен тұтас мемлекеттерде төңкеріс ұйымдастырып, билігін ауыстыра алады. Еуропа, Азия және Африка континенттерінде сыналған бұл жойқын қару жуырда Непалда қолданылғанға ұқсайды.



НЕПАЛ ОҚИҒАСЫ:

А Айхан ШӘРІП

ӨСЕКТІҢ ҚЫЗУЫ ӨРТТЕН ДЕ АЛАПАТ

Cambridge University зерттеушілері ақпараттың, соның ішінде дезинформацияның, қауесеттің көмегімен онсыз да ашынған, іс басындағы билікке қаны қарая өшіккен халықтың арасына от тастау арқылы ұйымдастырылған ХХІ ғасырдағы төңкерістерді «түрлі түсті революциялар» ретінде топтастырады және оны екіге бөледі.

«Табысты болмағандары» қатарында Кэмбридж университетінің ғалымдары 2006 жылғы Беларусьтегі «Кекіре (гүл атауы, василек) революциясын», Армениядағы 2008 жылғы бұқаралық наразылық акцияларын, 2009 жылғы және одан бертіндегі Ирандағы «Жасыл революцияны», Минскідегі «Плошча-2010» толқуын, Ресейдегі 2011-2013 жылдардағы

біраз елін қамтыған көтерілістер, билікке қарсы наразылықтар және қарулы қактығыстар да осы қатардан табылады. Нәтижесінде, 2010 жылдың күзінен бері Тунисте, Мысырда, Йеменде революция болды. Сирияда азаматтық соғыс басталып, ақыры былтыр биліктің ауысуына әкелді. Йеменде азаматтық соғыс жалғасты, ел екіге бөлінді, мемлекет астанасы хуситтер қолында. Бахрейнде азаматтық бас көтерулер болды. Алжир, Ирак, Иордания, Марокко, Оманда бұқара-

тады. Ол мемлекеттік құрылымдарды дағдарыс кезеңінде қаптайтын жалған ақпараттар ағынынан қоғамды алдын ала қорғау тетіктерін түзуге шақырды.

«Қыркүйектің басында елде бейберекетсіздіктер бастау алғанда бүкіл Непалды дейастардың экрандары жаппай жарықтандырды. Бұрын саясатпен қак-соғы жоқ, өз ісімен ғана айналысып жүрген адамдардың өзі ынта-ықылас танытып, телефоны мен ноутбүгіне көз алмай үңілді. Елде шын мәнінде не болып жатқанын білгісі келді, жаңалықтар таспасын секунд сайын жаңартумен болды. Қалыптасқан хаостың неге соқтырарын жедел білуге ынтықты», — деп еске салды Рэй ханым.

Оның айтуынша, адамдар шынайы ақпарат ала алмай, әктер-көктер болып жатқанда, интернетте «параллельді дағдарыс» туындады. 8 қыркүйекте бейбіт тұрғындардың қазасымен, жаралануымен, жаппай

қоғам соған сенуге дайын отырды. Өйткені мұндай аумалы-төкпелі шақта ақылға сыймайтын, адам қиялы жетпейтін оқиғалар болатыны мәлім. Қаралым жинағысы келген кейбір Discord серверлері (топтары), Telegram арналар, әлеуметтік желіні пайдаланушылар нақты ақпаратқа өтірігін қосып, қойыртпақ жасап ұсынды. Олар мұның анық-қанығын тексеріп жатуға қоғамның уақыты да, ресурсы да жетпейтінін түсінді», — дейді CMR Nepal журналистика академиясының директоры және фактілерді тексеру бағытында IFCN сертификатына ие NepalFactCheck.org жобасының жетекшісі Уджвал Ачарья.

Билік ең алдымен осы ақпараттық соғыста жеңіліс тапты. Digital Rights Nepal ұйымының атқарушы директоры Сантош Сигделдің пайымдауынша, бұқараның цифрлық және медиасуаттылығының төмендігі, тексерілген дереккөздердің, салмақты ақпарат

әскердің билікті басып алғаны, шенеуніктерді тегіс қырып салғаны, монархияның қайта қалпына келтірілетіні, Судан Гурунгтың Үндістан азаматы болып саналатыны және басқасы бар. Айта кетер жайт, The New York Times жазуынша, Непалдағы көтеріліске Непалдың премьер-министрі Кхадга Прасад Шарма Олидің 4 қыркүйекте YouTube, X, Reddit, LinkedIn, WhatsApp, Facebook, Instagram сияқты 20-дан аса әлеуметтік желі мен сайтты бұғаттап тастауы түрткі-триггер болды. Халық бұғатталмаған Discord мессенджеріне көшті. Ондағы топтар «сервер» аталады.

Көтеріліс күндері Nami Nepal қоғамдық ұйымының «Дискордтағы» сервері үкіметке қарсы наразылық шараларын үйлестіруші штабқа айналды және бірер күнде жазылушыларының саны 150 мыңға жеткен. Міне, Судан Гурунг дәл осы «Хами Непал» ұйымының негізін қалаушы және Непалда «зүмерлер көтерілісі» аталған Z ұрпақтың қарсылық акцияларының үйлестірушісі. Оны Үндістан азаматы деп «күстөналау», жала жабу арқылы кейбір күштер елге Үндістанның интервенциясы басталғандай көрініс тудыруға ниеттенді, Непалдың шығысы, оңтүстігі мен батысында созылып жатқан алпауыт көршісіне қарсы елді айдап салмақ болды.

Маскарасы сол, Непалда қаптаған гу-гу сөзге қарапайым бұқара түгілі бұқаралық ақпарат құралдары да сеніп қалды. Мәселен, әлемдік беделді ақпарат агенттіктері наразы тобырлардың шабуылы және «көшбасшылар резиденциясын» өртеуі кезінде бұрынғы үкімет басшысының әйелі қаза тапқанын хабарлады. Кейін мұның өтірік екені анықталған: аурухана директоры Киран Накarmi премьер-министр Джала Натх Кханалдың әйелі Рави Лакшми Читракардың тірі екенін, бірақ ауыр халде интенсивті терапия бөлімінде жатқанын растады.

Сарапшылар елең-алаң шақта дезинформация мақсатында ескі видеороликтер жана «ақпаратпен» қайта жарияланатынын, әлеуметтік желіде қауесет шын ақпаратпен араластырыла берілетінін, ЖИ көмегімен ел басшылығынан бастап, кез келген адамның жалған бейнеүндеуін жасауға болатынын ескертеді. Бәсеке-лесінің алдын орап кетуге тырысатын дәстүрлі БАҚ та өсекті жанталаса таратуы мүмкін. Сондықтан адамдар асығыс ой түймей, барынша абай болғаны жөн.

Digital Rights Nepal ұйымының атқарушы директоры Сантош Сигдел қауесеттің тез жайылуына ресми дереккөздерден жедел ақпараттың болмауы да серпін бергенін еске салды. Непал үкіметінің өкілдері қашып кеткен жағдайда орнында қалған билік өкілдері — полиция, армия, жергілікті округ басшылары, мемлекеттік БАҚ ресми ақпаратты тым кешігіп берді әрі шектеулі, тым қысқа, егжей-тегжейсіз ұсынды. Бұл вакуумды жекелеген адамдар жалған жай-жапсармен толтырған. Непалдағы төңкерістің өзгелер үшін сабағы да осында.



«Болотный революциясын», 2020 жылғы Беларусьтегі жаппай қарсылықты және басқасын атайды.

Екіншісіне — «табыстыларына» 2000-2021 жылдардағы Югославиядағы «Бульдозерлік революцияны», 2003 жылғы Грузиядағы «Раушандар революциясын», 2004 жылғы Украинадағы «Қызғылтсары революцияны», 2005 жылғы Қырғызстандағы «Қызғалдақтар революциясын», 2005 жылғы Ливандағы «Самырсын революциясын», 2007 жылғы Мьянмадағы «Запырангүл (шафран) революциясын», 2013-2014 жылдардағы Украинадағы «Еуромайданды», 2018 жылғы Армениядағы «Баркыт революциясын» жатқызады.

«Араб көктемі» деп жалпылама аталатын, жүздеген мың (кейбір бағалау бойынша 800 мыңнан көп) бейбіт тұрғынның өмірін жалмаған, 2010-шы жылдардың басында Таяу Шығыс пен Солтүстік Африканың

лық қарсылық акциялары өтті. Халық толқуы сол кезеңде Кувейтте, Ливанда, Мавританияда, Суданда, Джибутиде, Батыс Сахарада және өзгесінде тіркелгені айтылады.

Бұл шиеленістер дезинформацияға бола туындады деп сынаржак кетуге болмайды: наразылыққа биліктегілердің бассыздығы, саяси қуғын-сүргін, экономикалық дағдарыс және басқасы себеп болды. Бірақ көтерілістер әлеуметтік медианы пайдалану арқылы ұйымдастырылды: белсенділері жұртшылықты әлеуметтік желі, мессенджерлер көмегімен көтерді, осы құралдар ақпараттандыру мен байланыс үшін кең пайдаланылды.

Ұқсас жағдай Непалда қайталанған көрінеді. Бұл жайында The Kathmandu Post шолушысы Аарати Рэй «Z ұрпақ көтерілісі кезінде дезинформацияның дүрбелең өртін қалай қаулау қаны хақында» деген тақырыптағы мақаласында ай-

Маскарасы сол, Непалда қаптаған гу-гу сөзге қарапайым бұқара түгілі бұқаралық ақпарат құралдары да сеніп қалды. Мәселен, әлемдік беделді ақпарат агенттіктері наразы тобырлардың шабуылы және «көшбасшылар резиденциясын» өртеуі кезінде бұрынғы үкімет басшысының әйелі қаза тапқанын хабарлады.

вандализммен қатар қауесеттер дауылдай өршеленіп, ел арасында үрей мен дүрлігу туғызды. Жаңалықтарға деген күштарлық шегіне жеткен эмоциялармен қосылып, шындыққа жанаспайтын хабарламалар үшін қолдайлы орта, құнарлы топырақ түзді.

«Халық толқыған апта дезинформация, зиянды ақпарат, пропаганда және дұшпандық тілі үшін өнімді кезеңге айналды. Ақпарат арналары не айтса,

құралдарының орамсыздығы және халықпен сайма-сай коммуникация жасай алмауы, Парламент пен Үкімет мүшелерінің журналистерге түсініктеме беруден басын ала қашуы және басқа факторлар ақыр соңында «көшелер үнін» алып хорға, тасқынға айналып, ресми билікті «шайып» кетуіне септесті.

С.Сигдел инфодемияның отына май құйған вирустық жалған ақпараттан бірнеше мысал келтірді. Оның арасында

ЖАҢАН-САРАП

**Мадияр
ТӨЛЕУ**

ҚҰАТЫ ЖОҚ ҚАРАРЛАР

Алдымен 2023 жылды бір еске түсіріп көрсек, сол жылдың 7 қазанында палестиналық ХАМАС қозғалысы алдымен Газа секторынан Израильге 5 мыңға жуық зымыран атып, кейін содырлар елге басып кірді. Оған жауап ретінде 8 қазанда Израиль үкіметі елдің соғыс жағдайына өткенін хабарлап, Газа секторында арнайы операция бастады. Әуелде ұлттық қауіпсіздік үшін басталғандай көрінген операцияның уақыт өте сипаты түрленді. Нақтырақ, қолдан қырғын жасау ісіне ұқсайтынын айтушы көп.

Содан бері Газа секторында қаза тапқандар саны 63 мыңнан асты, жараланғандар 161 мың шегіне жакындады. Әрине, басым бөлігі қолында еш билігі мен күші жоқ қарапайым халық. Кейінгі кездері Израильдің әрекетіне қатысты «геноцид» термині жиі аталып жүр. Таяуда әлемнің БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш те Газадағы ахуалдың төтенше шекке жеткенін мәлімдеді.

— Газадағы қасірет үшінші жыл қатарынан жалғасып келеді. Бұл — адамдықтың ең басты құндылықтарына қайшы шешімдердің салдары. Содан бері аштық дендеп, кантөгіс бұрынғыдан да күшейді. Халықаралық соттың талап еткен шаралары толық әрі дереу орындалуға тиіс, — деді ол.

Сондай-ақ ол БҰҰ Халықаралық сотының геноцид қылмысының алдын алу туралы Конвенцияға сәйкес заңды күші бар уақытша шаралар қабылдағанын, бірақ соған қарамастан жағдайдың ушыға түскенін еске салды.

Қазір Палестинаны мемлекет ретінде мойындаған елдердің қатары артып жатыр. Жакында бұл қатарға беделді көрі құрлық елдері — Ұлыбритания, Канада, Аустралия, Португалия және Франция қосылды. Бұл шешім халықаралық қоғамдастықтың аймақтағы жағдайға көзқарасына елеулі ықпал етуі мүмкін, Палестинаны тану Таяу Шығыстағы бейбітшілік процесіне жаңа серпін бермек. Алдағы уақытта тағы бірнеше ел осындай мәлімдеме жасауы мүмкін. Дегенмен мәселе Израиль билігінің көзқарасына да байланысты. Олардың пікірі «Палестина мемлекеті болмайды» дегенге сайып отыр.

Бұл арқылы біз БҰҰ қарарларының күшін жоққа шығарғымыз келмейді. Алайда ескеретін бірнеше дүние бар. Біріншіден, көптеген қарар «ұсыныс», «ұйымдастыру», «қонырау шалу» сияқты сипатта, яғни заңды міндеттемесі жоқ немесе орындауды мәжбүрлемейді. Бас Ассамблея шешімдері біраз күш көрсете алады, әйтсе де тікелей құқықтық міндеттеме жүктемейді.

Екіншіден, Қауіпсіздік Кеңесінің кейбір шешімдері заңды міндеттемелер туғызуы мүмкін, бірақ Израиль көбіне оларды орындамайды, кейбіреуіне қарсы шығады. Тіпті, алпауыт елдің бірі вето қолданса да Израиль міндеттен құтылады. Мысалы, Қауіпсіздік Кеңесімен Бас Ассамблея жасаған «1967 жылы басып алынған жерлерден шығу», «пропалестиналық босқындардың қайтарылуы», «Израильдің еврей олжаларын кеңейту саясатын тоқтату» секілді талаптар толық орындалмай қалғанын көз көріп отыр.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы ұстанымдары келіспеген Израиль мен Палестина қақтығысы Таяу Шығыстың ғана емес, жаһанның үлкен мәселесіне айналып барады. Себебі мұнда түрлі мүдде мен сыртқы саяси күштің ықпалы басым. Кейінгі 2 жыл бойы Газа секторына бағытталған әскери шабуылдар тоқтамады, саяси айыптаулар мен БҰҰ мәлімдемелерінің де әсері аз. Бірақ дәл осы ұйым мінберінен жаһанның бірқатар елі Палестинаның тәуелсіздігін мойындады. Енді не болмақ?

80

**ЖЫЛДЫҚ
АРАЗДЫҚ**

ПАЛЕСТИНА ТӘУЕЛСІЗ БОЛА АЛА МА?

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰСТАНЫМЫ ҚАНДАЙ?

Қазір әлемде 120 қақтығыс ошағы бар болса, соның ішінде ең ауқымдыларының бірі ретінде Газадағы жағдай аталады. Таяуда Нью-Йорк қаласына жұмыс сапарымен барып, БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясының Жалпы дебатында сөз сөйлеген Қазақстан Президенті бұл жайтты

іс-қимылды дереу тоқтатуға, бейбіт тұрғындарды толық қорғауға және халықаралық гуманитарлық құқық аясындағы көмектің кедергісіз жетуін қамтамасыз етуге шақырады. Қазақстан Таяу Шығыстағы өңірлік бітімгерлікке бағытталған Арабтың бейбіт бастамасы, Нью-Йорк декларациясы, Ибраһим келісімі секілді дипломатиялық ұсынымдарды қолдайды, — деді Мемлекет басшысы.



мен Израиль мәселесінде «Нью-Йорк декларациясы» саяси тұрғыдан іргелі кадам саналады. Көптеген батыс елдерінің Палестинаны ресми қолдауы Израильге қысым түсіріп, гуманитарлық жағдайды жақсартуына, ағысты тоқтатуына және тұтқындарды босатуына ықпал етпеді.

— Бірақ құжаттың өзі міндетті сипатқа ие емес, сондықтан іске асыруда қиындықтар болады.

«Күштінің арты диірмен тартатын» реализмді ешкім әлі жоққа шығара алмас. Израильдің қауіпсіздік параноиясы мен оның артында тұрған Американың мүдделері кедергі. Әлбетте, кейінгі мәлімдемелер Палестинаның дипломатиялық өрісін кеңейтіп, екіжақты қатынастар мен халықаралық ұйымдарға қатысу мүмкіндіктерін арттырады. Десек те, БҰҰ-ға толық мүшелік жылдам болмайды, өйткені ол үшін Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынымы, АҚШ-тың ұстанымы өзгеруі қажет. Еуропа елдерінің бір бөлігі Палестинаны тануы — үлкен геосаяси оқиға. Алайда нақты өзгерістер БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдері немесе ірі державалардың ықпалы арқылы ғана іске асуы мүмкін, — дейді маман.

Момынқұловтың айтуынша, АҚШ пен басқа да елдердің сыны БҰҰ-ны реформалау қажеттігін тағы айқындап берді. Оны Қазақстан тарапы да ұсынып отыр. Алдағы кезеңде Қауіпсіздік Кеңесіндегі вето мәселесі, бітімгерлік пен гуманитарлық шешімдер қабылдау тетігі қайта қаралуы мүмкін. Бірақ мұндай жаһандық сипаттағы құрылымдық өзгерістер бірден болмайды, ол үшін үлкен геосаяси оқиғалар болуға тиіс, сондықтан процесс ұзаққа созылады.

— Бұл жолғы Бас Ассамблея кейбір жағымды жаһандықтарды әлемге паш етті: Палестинаға қатысты халықаралық консенсус күшейді, Украина бойынша бейтарап келіссөз алаңдары талқыланып, ірі мемлекеттер БҰҰ-ны реформалау қажеттігін ашық қолдады. Талқылаулар екі шиеленісті аймақта да бейбітшілікке апаратын жолдың саяси негізін салуы мүмкін. Дегенмен екі қақтығыс та АҚШ, Израиль, Ресей, Еуропа, Қытай сынды ірі елдің стратегиялық мүдделеріне және жоспарларына, болуы мүмкін келісімдерге тіреліп тұр, — деді саясаттанушы Жанат Момынқұлов.

Көріп отырғанымыздай, БҰҰ қарарынан бұрын, мәселеге ірі мемлекеттер шын жаныштықпен араласуға тиіс. Әрине, қақтығыстың басты себебі — жер дауы. Екі тарап та өз астанасы санайтын Иерусалим — мұсылмандар үшін де, иудейлер үшін қасиетті мекен. Одан бөлек, бұл қақтығыстың діни және этникалық факторлары да бар. Еврейлер арабтардың болмысын, палестиналықтар еврейлердің өмір сүруге деген құқығын мойындауға тиіс.

Газадағы бейбіт халықты екі оттың ортасында қалғандай сурет-

теуге болады. Себебі Израиль тарапының шабуылынан бөлек, секторды басқарып отырған ХАМАС ұйымы тағы бар. Бұл ұйым «халықты қорғап отыр» деп байлам жасай алмаймыз, кейде кесірін де тигізеді. Егер Палестина мемлекет атанар болса, бұл ұйым тыныш қаларына сенім аз.

— Қарулы Күш әрі саяси-діни экстремистік ұйым ретінде ХАМАС «Палестина мемлекеті құрылады» деген кез келген сценарийді өте күрделі етеді. ХАМАС қарудан тез бас тартпайды, ықпалынан айырылуға кепілдік бермейді. Нәтиже мемлекет құру шарттарына байланысты болмақ: қауіпсіздік тетігі кімнің қолында болады, бірыңғай қауіпсіздік жүйесі құрыла ма, оның кепілдігіне аймақтық және халықаралық қатысу деңгейі қандай болады? ХАМАС жәй қарулы топ емес, саяси және әлеуметтік қыры бар қарсыласу қозғалысы. Ондаған жыл бойы Газаны басқарып, әлеуметтік қызмет көрсетіп, халықтық заңдылыққа ие болды. Сондықтан кез келген саяси шешімде оның әскери әлеуетін емес, саяси-әлеуметтік қырын да ескеру керек, — дейді Момынқұлов.

Араб сарапшыларының пікірінше, Палестина мемлекетінің танылып, биліктің нақты құрылымы қалыптасуы — халықтың сенімі үшін бәсекелестік туғызуы ықтимал. Бұл жағдайда мемлекет халыққа нақты пайда әкелсе, ХАМАС-тың рөлі әлсірейді. Бірақ ол тек символдық емес, шынайы түрде іске асуы қажет.

ХАМАС белгілі шарттар орындалмайынша қаруды тапсырудан бас тартуы мүмкін, бірақ ынталандыру болса саяси трансформацияға бара алады. Сарапшылар егер саяси-қауіпсіздік тұрғысынан тиімді болса, ХАМАС қақтығысты азайтуы немесе ішінара өзгеріске баруы мүмкін екенін айтса, басқалары мұндай өзгеріс болмайтынын ескертіп жүр.

— Иран, Қатар, Түркия сияқты мемлекеттердің қолдауы ХАМАС-тың өміршеңдігін қамтамасыз етеді. Керісінше, ірі араб елдерінің біріккен қысымы немесе ынталандыруы ғана ұйымды ымыраға итермелеуі мүмкін. Сараптамалар ұйымның тағдыры тек ішкі мәселе емес, аймақтық факторларға тәуелді екенін атап өткен. Күшті Палестина билігі мен бірыңғай қауіпсіздік күштері құрылып, халықаралық бақылаумен реконструкция мен азаматтық құқықтарға кепілдік болса, халықтың қарулы топтарды қолдау ынтасы азаяды. Мұндай алғышарттар қалыптаспайынша ХАМАС ықпалын сақтап қалып, жағдайды ушықтыруы мүмкін, — деді сарапшы.

Жанат Момынқұловтың сөзінше, егер Палестина мемлекеті биліктің нақты транзиті болып, аймақтық-халықаралық қолдау арқылы кезең-кезеңімен қарусыздандыруға көшетін болса, ХАМАС-тың әскери рөлі біртіндеп әлсіреп, саяси күшке айналуы ықтимал.

Палестина мемлекеті құрылса да, ХАМАС-тың ықпалын толықтай жою бірден мүмкін емес. Оның заңдылығы халық арасында әлі де бар. Егер жаңа мемлекет нақты билікті қолға алып, қауіпсіздік пен әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартса, халықтың бұл ұйымға тәуелділігі азаяды. Дегенмен қарусыздандыру мен саяси трансформация бірден жүзеге аспайды. Сондықтан Палестина мемлекет болып құрыла қалған жағдайда да, ХАМАС келесі бір мәселе ретінде жол тосуы мүмкін.



ескерусіз қалдырмады. Әлемдегі қауіпсіздік архитектурасын қайта қалпына келтіру бастамасын ұсынған Қасым-Жомарт Тоқаев жағдайдың тым күрделі екеніне тоқталды.

— Газадағы гуманитарлық дағдарыстың ауқымы тіпті қорқынышты. Оған бейжай қарау мүмкін емес. Бұл қақтығыстың тарихи тамыры тым күрделі. Біз осы жаулаудың түпкі себебін ескерусіз қалдыра алмаймыз. Қазақстан әскери

лекеттерінің әріптестік кеңесінің нарығына жол ашылуға. Сондықтан логистикалық балама бағыт пен азық-түлік нарығының жай-күйі Таяу Шығысқа байлаулы.

СЫРТҚЫ КҮШТЕР МЕН ХАМАС-ТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Халықаралық сарапшы, саясаттанушы Жанат Момынқұловтың сөзінше, Палестина

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Қалмұхан Исабай – қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған қаламгер. Ол туған жердің тарихы мен тағдырын, халықтың болмыс-бітімі мен рухани әлемін шығармаларына арқау етті. Жазушы кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен ой-толғаныстары арқылы қоғамдағы әлеуметтік құбылыстарды, адам мен табиғаттың үйлесімін көркемдік биікте жеткізе білді. Қазақ әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті қаламгердің қызы, тектінің тұяғы Баян Исабаевамен әкесі туралы сыр шерттік.

**Баян ИСАБАЕВА,
қаламгердің қызы:**

ӘКЕМ

ҚАҒИДАСЫНАН

— Биыл қазақтың қабырғалы жазушысы Қалмұқан Исабайдың туғанына 100 жыл толды. Қалмұқан атамен көзі тірісінде тілдескенім есімде. Жұмыс бөлмесінде қалың кітаптың құшағында отырған шүйкедей ғана қарияның жадына таңғалып едім. Ол кісі соғысты да көрді, соғыстан кейін де біраз жыл Германияда қызмет етті. Әкелеріңіз елге келгенде қанша жаста болды?

— Иә, әкеміз 10 класты бітірмей, өзіне бір жас қосып, яғни 17 жасында соғысқа аттанған. Балалық шағынан өмірдің ауыртпалығын ерте сезіп, тез есейген. Жастайынан кітап оқуды жақсы көріп, рухани байлыққа ұмтылды. Сол әдеті оны биік арманға жетеледі. Сөйтіп, әкеміз әскери қызметінде — 12 жыл, оның ішінде соғыс біткеннен кейін 9 жылдай Германияның Ильменау қаласында комендант болып, елге 1954 жылы 29 жасында оралды. Бала кезімізде анамыз әрдайым: «Әкелерің елге оралғанда қолыңда үлкен қоныр чемоданы болды», — деп еске алып отыратын. Сол чемоданның ішінде қолжазбалары мен суретке толы блокноттары жататын. Әкеміз күндіз қызметте жүрсе, кешкісін қолына қалам алатын. Оған қоса, архивте көп уақытын өткізіп, деректерді зерттеп, шығармашылық материал жинаумен айналысатын. Жастайынан тәртіпті, еңбекқор, батыл әрі өзін-өзі ұйымдастыра білетін жан еді. Уақытты босқа өткізбейтін, өзгелерден де соны талап ететін. Соғыстың ауыртпалығын бастан өткізсе де, ешқашан қатал адамға айналған жоқ. Керісінше, өмірдің қуанышы мен қиындығын қатар қабылдап, барға қанағат етіп, тіршіліктің әр сәтін бағалауды үйренді. Әкеміздің өмірге деген осындай қарапайым да биік көзқарасы бізге де өнеге болып қалды.

— Анаңыз бен әкеніз бір ауылда өскен. Зәбира апа өмірге келгенде, әкеніз 12 жаста болыпты. Сонда нағашы апасы Күләш: «Өскенде осы қызды саған берем», — деп қалжыңдапты. Ең қызығы, Қалмұқан ата Зәбира апаның анасын «Тәтті апа» деп атапты. Қаламгер анаңызға: «Сенің құны бір қап тезек», — деп әзілдейді екен. Ол кісілердің бұл әңгімесі сіздерге де жақсы таныс шығар.

— Бала кезімізде әкеміз үнемі әзілдеп: «Анаңның құны — бір қап тезек» деп айтып отыратын. Бұл сөздің де өз тарихы бар еді.

Ата-анамыз бір ауылда көрші болып тұрды. Соғым сойғанда бір-бірлерін көрші болып сыйласып шақыратын. 1937 жылы нағашы әкеміз босанар сәтте он екі жастағы әкемізді Күләш шешей бір қап тезекке жұмсапты. Сол кезде: «Шынашақтай қыз туды, ертең саған беремін», — деген қалжың айтылыпты. Сол қыз кейін біздің анамыз болған. Жылдар өте анамыз ару қыз болып бойжетеді. Анамның үйінде бие ұстайтын. Анам он жеті жасында май шелегіне бие

сүтін құйып, оны пісіп көмектесетін. Ал соғыстан оралған әкеміз ауылға жиі келіп, анамыздың атасына сәлем беруге келеді екен. Сол кісімен әңгімелесіп, қымыз ішетін. Ақыры, екеуі табысып, шаңырақ көтереді. Әкеміз тәртіпті, жинақы офицер болса, анамыз ісер, ширақ жан еді.

Әжелеріміздің барлығы қолөнерге жақын, шебер жандар болатын. Киім тігетін, ою ойып, жүн түтіп, сырмақ жасап, алаша тоқитын. Ал папамыздың анасы арабша «Хисса» оқып, бізге рухани нәр сыйлайтын. Жақсы көріп, сыйластықпен қарағандықтан, туыстарымыз әке-шешеміздің аналарына «Тәтті апа» деп еркелетіп айтатын. Бұл атау кейін бізге де дарып, балалар мен немерелері де жалғастырып кетті.

Ата-анамыз өмір бойы тату-тәтті ғұмыр кешті. Біз олардың бір-біріне дауыс көтергенін де, ренжіскенін де ешқашан көрмедік. Анамыз әрқашан әкемізге сый-құрметпен қарап, ал әкеміз анамызға сенім артып, қолдау көрсетіп отырды. Анамыз бізді тәрбиелеуде әкеміздің еңбегіне құрметпен қарауға үйретті. «Әкең жұмыс істеп жатыр, шуламаңдар», — деп жиі ескертіп отыратын. Олардың бір-біріне деген сыйластығы мен үйлесімді қарым-қатынасы біз үшін өмірлік өнеге болып қалды.

— Қаламгердің ең алғашқы әңгімесі «Баян» деп аталады. Сол атауды сіздің құрметіңізге қойды ма әлде әңгіменің атауын перзентіне берді ме? Жазушының «Айқыз» дейтін романы бар. Тағы бір қызының есімі — Айқыз. Жазушының ұрпағының бәрі шығармаларының атауымен тығыз байланысты ма?

— «Адамның кәсібі оның өміріне өз таңбасын қалдырады» деп бекер айтпайды. Әкеміз де бүкіл ғұмырын кейіпкерлерін зерттеуге арнады. Адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін, отбасы мен болмысын жылдар бойы қадағалап, танып-біліп, саралады. Әр кейіпкері оған тек зерттеу нысаны ғана емес, өз баласындай қымбат еді. Сондықтан да ол әрбір жанды үлкен құрметпен қабылдап, олардың өмірінен тағылым іздейтін. Осы қасиеті оның адамға деген сүйіспеншілігін де, кәсібіне деген адалдығын да айқын көрсететін. Сондықтан болар, әкеміз өміріндегі көп нәрсе жайдан-жай емес сияқты. Мәселен, 1967 жылы «Айқыз» романы жарық көрсе, дәл сол жылы дүниеге келген қызына Айқыз есімін берді. Кейін «Соңғы ерлік» кітабы белгілі революционер, чекист Серікқали Жақыпов жайлы еді. Әкем осы тұлға жөнінде деректер жинап жүрген шақта қатарынан дүниеге екі ұлы келіп, оларға Серік пен Қали деп ат қойды. Мені Баян деп атады, себебі мен Баянауылда дүниеге келдім. Ал кенже сіңліміз Алматыда туғандықтан, есімін Алма деп қойды. Біз бұны әкеміздің туған жерді ұмытпай, қадірлеу үшін жасаған өнегесі деп білеміз. 2000 жылы әкеміз Берлиндегі бір көшеге Абай есімінің берілуіне себепкер болғаны барша-мызға мәлім. Бұл оның халқына жасаған



үлкен қызметінің бірі еді. Кейін 2002 жылы туған немересіне де Абайдың әжесінің есімін ардақтап, Зере деп ат қойды. Мінеки, осыдан-ақ байқауға болады: әкеміз үшін шығармашылық пен өмір бір-бірімен тығыз байланысты болды. Оның кейіпкерлері — өмірінің айнасы, ал балалары мен немерелерінің есімдері — сол өмірдің жалғасы іспетті.

— Қалмұқан атаны білетіндер қалжыңға жақын, әзілі бөлек жан болғанын жазып та, айтып та жүр. Отбасында да солай болды ма?

— Әкеміз әзілқой жан еді. Үйде бізбен әңгімелесіп қана қоймай, әр сөзін қалжыңға айналдырып, бірге күліп жүретін. Қазір есейген шақта сол әзілдері, жылы сөздері мен дана кеңестері қатты жетіспейді. Біз үшін ол сәттердің әрқайсысы ең қымбат әрі ең ыстық естелікке айналды.

Әзіл мен өмірді қатар өріп, әр жағдайға өзіндік мысқылмен қарайтын. Бір күні анамыз:

— Темекіні қашан тастайсың? — деп сұрағанда, әкеміз жай ғана күліп:

— Айналайын, кешір! Темекімен сенен бұрын дос болғам, тастай алмаймын, — деп жауап бергені әлі есімізде.

Әкеміз бізге ешқашан да қатты сөйлеп, ұрыспайтын, жай ғана ескертулер жасайтын. Бірде қызыма қаттырақ дауыс көтергенімде, бөлмесінен шығып келген әкеміз:

— Байым, антипедагогический дауыс шықты ғой?! — деп жұмсақ ескерту жасаған.

Алма сіңлім құрбыларымен кездесуге дайындалып, бетіне макияж жасап отырғанда, әкеміз қарап тұрып:

— Алмашкам, әдемі сұлу қыздың суретін салып жатырсың ба? — деп әзілдегені де бар.

Тіпті, бөгде тілден де қалжың табатын. Бір күні америкалық жігіт Қалиды сұрап, телефон шалғанда, әкеміз сабырмен:

— Қалкам, ол үйде жоқ, — деп қазақша жауап беріпті. Анамыз таңырқап:

— Қазақша жауап бергенің қалай? — дегенде, әкеміз жайбарақат:

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

ӨМІРЛІК АЙНЫҒАН ЕМЕС

— Несі бар, ол өз тілінде сұрады, мен өз тілімде жауап бердім, — деп жауап берген.

Әзілдері таусылмайтын. Біз де, анамыз да сол қалжындарын еске алып, күн сайын сағынамыз.

— Әкеңіздің ең жақын достары кімдер еді? Одан бөлек, қандай ақын-жазушыларды жиі көретін едіңіздер?

— Әкеміздің достары да көп болатын. Үлкен буындағы ағаларымен де, кейінгі жас ақын-жазушылармен де араласып, сыйласып жүрді. Кітаптарын қолтаңбасымен сыйлап беретін. Ғалымдармен де жиі бас қосып, жаңа шыққан әдебиеттер жайлы пікір алмасатын. Әзілдесіп, сырласып, кейде біздің үйге де жиналатын. Біз, балалар, сол әңгімелерді тындап өстік. Әкемізді үлкендер де, жастар да сыйлап, құрмет тұтты. Достары өте көп еді. Бәрін атап өтпесек, біреулері қалып қойғандай көрінер. Бірақ біз үшін олардың барлығы әкеміздің көңілге қымбат жолдастары болатын.

— Жазушының қаламынан бөлек, жеке хобби болды ма? Ол кісінің өмірдегі басты ұстанымы қандай болды?

— Әкеміз кәсіби суретші болмаса да, романдарында тарихи тұлғаларды көркем бейнелеп қана қоймай, оларды қиялындағыдай етіп қағазға да түсіріп отыратын. Бұл — оның кейіпкерлерін тек жазушы ретінде емес, жан-тәнімен сезініп, олардың болмысын шынайы жеткізуге ұмтылғанының айғағы еді. Мысалға, әкеміздің қолынан шыққан Абайдың қырынан бейнеленген суреті әлі күнге дейін бөлмесінде ілулі тұр. Бұл — оның ұлы ақынды өз жүрегінде қалай қабылдағанының айғағы. Әкеміз үшін Абай тек зерттеу нысаны емес, ой-әлемін терең түсінген рухани тұлға еді. Сурет салу қабілеті біздің отбасымызда кенжеміз Алмаға дарыды.

Жиналыстарда отырған сәттерде де ол жолдастарына арнап шарж салып, бейнелерін дәлме-дәл келтіретін. Әзіл-қалжыңға құрылған шарждарында да адамның мінезін, көңіл күйін шебер жеткізетін. Мақсатқа ұмтылу — әкеміздің басты қасиеттерінің бірі болатын. Күн сайын «кемінде он парақ қолжазба жазуым керек» деп өзіне талап қойып, оны мүлтіксіз орындап отырды. Әкеміздің өмірлік ұстанымы — елге адал қызмет ету. Ол қай істе де осы қағидасынан айныған емес.

— Соғыс салған жара аз емес. Әкеңіздің де жүрегінде ізі қалған шығар. Денсаулығына әсерін тигізді ме?

— Иә, рас, әкеміз соғыста жараланып, елге оралды. Бірақ сол сұрапыл соғысты бізге әңгімелеп айтпайтын. «Жүректеріне ауыр болады» деп қорғайтын. Қысқа ғана: «Қайтесіз оны? Сендер сұрапыл соғысты ешқашан көрмеңдер», — деп жауап беретін. Жаралы болса да, жұмыстан бір күн қалмаған.

Жасы ұлғайған кезде ғана қолына таяқ ұстады. Дәрігерлерге, санаторийларға баруға да мүлде ықылас танытпайтын. «Кітап жазуға уақыт болмай қалады» деп түсіндіретін.

Әкеміздің қайсар мінезі бізге үлгі болды. Ауырса да сыр білдіртпей, елге қызметін жалғастыра берді. Өмір бойы қиындыққа мойымай, адал еңбек етудің, елге қызмет қылудың үлгісін көрсетті. Оның осы қасиеті бізге өмірлік сабақ болды.

— «Әке — балаға сыншы» дейді. Әкеңізден не үйрендіңіздер?



— Жазушылық — әкеміздің өмірінің бір бөлігі болса, отбасы — екінші бөлігі еді. Біз барлығымыз қазақ мектебінде оқыдық, ал әкеміз: «Қай жерде жүрсендер де қазақша сөйлендер, ана тілді ұмытпандар», — деп үнемі айтып отыратын. Бүгінгі күні ата-анамыздың бізге өмірде дұрыс бағыт бергенін ерекше қадірлейміз.

Мектепте жүрген кезімізде кешке қарай бізбен отырып, үй жұмысымызға көмектесетін. Географиядан сұрақ туындаса, өзінің үлкен қызыл офицерлік атласын алып, картадан көрсетіп түсіндіретін. Тарих пәнін түсінбегенімізде кітапты ашып, бірге оқып, пікірлесіп, талқылау жүргізетін. Сол сәттердің барлығы қазір ең ыстық, ең бақытты естеліктер ретінде қалды.

Әкеміз жұмыста да, үйде де бәрін жоспарлап, тәртіппен жасайтын. Кейде жұмыстан үйге келген соң аз тынығып алып, жазу машинкасына отырып, кезекті әңгімесін басып шығаратын. Кейін біздерді шақырып: «Жаңа басылған беттерді қарап шығындар, қателерін тап», — деп өтініш білдіретін. Сол кезде біз оны ойын сияқты қабылдасақ та, қазір ойласақ, әкеміз оқуға деген сүйіспеншілікті, мәтінді түсініп, талдай білуді үйреткенін түсінеміз.

Кейде кеңес сұрағанда, әкеміз ешқашан дайын жауап бермейтін. Керісінше: «Сен осы адамның орнында болсаң не істер едің?» — деп сұрақ қоятын. Біз ойланп жауап бергенде жай ғана күліп,



басын изейтін. Сол сәтте ойымыздың дұрыс екеніне көзіміз жететін.

Ата-анамыз үйде ешқашан ұрыспайтын, дауыс көтермей тәрбиелейтін. Олар іспен көрсетіп, айналасына деген сыйластықпен бізге үлгі болды. Үйде де, жұмыста да ұқыпты, уақытты бағалай білетін. Сол болмысын көріп, біз де сондай болуға тырыстық. Олардың сабырлы мінезі бізге үлкен мектеп болды. Ата-анамыз дауыс көтермей-ақ, ісімен тәрбиелеуге болатынын дәлелдеді.

міздің есімі берілді. Баянауыл аудандық кітапханасына Қалмұқан Исабайдың есімі берілді және сол кітапханада Қалмұқан Исабай оқулары өтті. Әкеміздің 100 жылдығына орай «Шоң би» тарихи трилогиясы қайта басылып, Павлодар мен Баянауылда ғылыми конференция, дөңгелек үстел, прозалық шығармашылық байқаулар мен хоккей турнирі және сабантой өтті. Отбасымызбен барлығымыз жиналып бардық. Қазақстан Жазушылар одағы да әрдайым қолдау көрсетіп, бізді іс-шараларына құрметпен шақырып келеді.

Мұның бәрі — әкеміздің есімін кейінгі ұрпаққа аманат етуге бағытталған игі істер. Осы мерейтой аясында қолдау көрсетіп, әкеміздің есімін ұлықтауға үлес қосып жүрген Павлодар қаласы мен Павлодар облысының әкімдігіне, облыстық Мәдениет басқармасына, Баянауыл ауданының әкімшілігіне, музей қызметкерлеріне және оқырмандарымызға, сондай-ақ әкеміздің өмірі мен шығармашылығын құрметтеп, 100 жылдық мерейтойын лайықты деңгейде атап өтуге үлес қосып жүрген ағаларымыз бен апаларымызға Исабай отбасы және туыстары атынан шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз және алғыс айтамыз.

Бұл іс-шаралар — аяулы да асыл, асқар тау әкеміздің есімі мен еңбегін кейінгі ұрпаққа жеткізудің ең үлкен сыйы деп білеміз.

— Қаламгердің орындалмай қалған арманы бар ма?

— Әкеміз анамызға: «Жазбаларыма ие бол», — десе, маған «балалардың үлкені болғандықтан «іні-сіңлілеріңе қарайласып, тату болындар», — деп өсиет етті. Баянауылда Зармұқан ағасының ұлы Тельман ағамызға, Шоқпар атамызға арнап, елге тас орнатындар деп аманат қалдырған екен. Бұл өсиетті орындау — біздің парызымыз. Әкеміздің осындай өсиеттері біз үшін үлкен жауапкершілік пен өмірлік сабақ болды. Ол бізді бірлікке, татулыққа шақырып кетті.

Шоқпар атамызға тас орнату аманаты — ата рухына тағзым, кейінгі ұрпаққа үлгі болар іс.

Осы орайда «Айқын» газетінің ұжымына алғысымызды білдіргіміз келеді. «Айқын» газеті әрдайым осындай мәнді, мағыналы мақалаларымен оқырманға ой салып, қоғамға пайдасын тигізе берсін. Ақпаратқа толы, пайдалы дүниелері көбейіп, оқырманы артып, абыройы биіктей берсін!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

Әкеміздің қайсар мінезі бізге үлгі болды. Ауырса да сыр білдіртпей, елге қызметін жалғастыра берді. Өмір бойы қиындыққа мойымай, адал еңбек етудің, елге қызмет қылудың үлгісін көрсетті. Оның осы қасиеті бізге өмірлік сабақ болды.

— Зәбира апа немерелеріне аталары туралы жиі айта ма?

— Анамыз әкеміздің өмір жолы туралы бізге де, немерелеріне де мақтанышпен айтып отырады. Сағынғанда мақалалары мен кітаптарын қайта оқып, суреттерін қарап, әзілдерін еске аламыз. Биыл әкеміздің өмірден озғанына 10 жыл толған екен. Осы уақыт ішінде «Жолдас комендант» романы қайта басылып, Алматыдағы тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылды. Баянауылда Шәкен Айманов атындағы мектеп-интернатында Қалмұқан Исабай атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті ашылды. Павлодар қаласындағы бір көшеге әке-

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ



KAZTALOV-INVEST: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ

Биылғы Жолдауда Президент жеке инвестиция тарту мәселесіне ерекше тоқталды. Жолдаудан туындайтын міндеттерді қолдау және жүзеге асыру мақсатында Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданында KAZTALOV-INVEST I аудандық инвестициялық форумы өтті. Форум аясында құны 1,1 млрд теңгені құрайтын 14 жоба бойынша меморандумға қол қойылды.

Ауданда алғаш рет өткен форумға Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Тлепберген Қаюпов, БҚО кәсіпкерлік және индустриалдык-инновациялық даму басқармасының басшысы Нұржан Өтепбаев, АҚЖАІҰҚ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация төрағасы Ержан Досмаков, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ БҚО бойынша аймақтық филиалы басшысы Тарас Шальга, «СММ Бизнесстех» ЖШС директоры Жанаргүл Дүйсенова, облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, бөлім және мекеме басшылары, округ әкімдері, кәсіпкерлер мен шаруа қожалық жетекшілері, БАҚ өкілдері қатысты.

— Алдымен, сіздерді облыс әкімі Нариман Төреғалиұлының атынан ауданда өтіп отырған алғашқы инвестициялық форумның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл форум — ауданның әлеуетін танытуға, жаңа жобаларды іске асыруға және инвесторлармен тиімді әріптестік орнатуға арналған үлкен алаң. 8 қыркүйектегі Мемлекет басшысының Жолдауында еліміз үшін жаңа инвестициялық кезеңнің басталғаны айтылды. Енді негізгі басымдық өңдеу өнеркәсібін, жоғары технологияларды және жасыл экономиканы дамытуға берілмек. Осы бағытта облыс әкімдігі ауданмен бірлесе отырып, инвесторларға барлық жағдай жасауға дайын. Қазталов ауданы — ауыл шаруашылығына қолайлы жері бар, еңбеккөр халқы бар, табиғи мүмкіндігі мол өңір. Бұл әлеуетті дұрыс пайдалану арқылы біз ауданның

да, облыстың да дамуына серпін бере аламыз. Осы жылдың сегіз айының қорытындысы бойынша, негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 393,4 млрд теңгені құрап, 2024 жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда 5,4% артып отыр (2024 жылдың 8 айында — 355,3 млрд теңге). 2025-2029 жылдарға аудан бойынша агроөнеркәсіп кешен саласында және қызмет көрсету саласында жалпы құны 1,8 млрд теңгеге 9 жоба жүзеге асыру жоспарда бар, — деген облыс әкімінің орынбасары Тлепберген Ерсайұлы форумның жұмысына оң бағасын берді.

Форумды аудан әкімі Асланбек Сарқұлов тізгіндеп, айтулы іс-шараның маңыздылығын атап өтті.

— Бүгінгі басқосуымыз еліміздің экономикалық әлеуетін арттыруға, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуға бағытталған маңызды шара болып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «Инвестиция тарту — орталық атқарушы органдардың ғана міндеті емес. Осы маңызды жұмысқа жергілікті билік те атсалысып, бәрі жұмыла жұмыс істеуге тиіс» деп атап өткен еді. Бұл — біздің баршамызға үлкен жауапкершілік жүктейтін айқын бағдар. Өйткені инвестиция — тек қаржылық құйылым ғана емес, ол жаңа жұмыс орындары, заманауи технология, өнімнің әлеуметтік-экономикалық дамуының кепілі. Сондықтан бүгінгі форум — ауданымыздың әлеуетін танытып, жаңа серіктестіктерге жол ашатын, ортақ мақсатқа қол жеткізуге арналған тиімді алаң болмақ, — деді аудан әкімі.

Форумда шара қонақтарымен қатар Қазталов ауданында кәсіпкерлік саласының дамуы жөнінде аудан әкімінің орынбасары Рашид Иманғалиев, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы кәсіпкерлерге көрсетілетін қолдау шаралары туралы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ БҚО бойынша аймақтық филиалы қаржылай қолдау бөлімінің менеджері Бағдат Утебаиева, егістік алқаптарда биотыңайтқыштарды енгізу технологиясы жөнінде «Олжа Сервис» ЖШС директоры Ерғазы Дүйсенов, екпелі шөп өсіру жұмыстары жөнінде «Ер-Қожа» шаруа қожалығының жетекшісі, облыстық мәслихат депутаты Самат Хасанов, «Даяр» жеке кәсіпкерлігінің негізін қалап, белсенді еңбек етіп, нарық сұранысына сай өнім түрлерін осы бағыттағы тәжірибесімен бөліскен жеке кәсіпкер Жанайдар Сағынғали, «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы несие алып құс шаруашылығын дамытып отырған азамат Манас Токкужинов, ауданда туризм саласын дамыту жөнінде жеке кәсіпкер Сұлтан Сартаев баяндама жасады.

Аудан әкімі Асланбек Ахметоллаұлы өз сөзінде форумның жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатынын атап өтті. Форум аясында облыс әкімінің орынбасары Тлепберген Қаюпов, салалық басқарма және мекеме басшылары аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Форумның өтуіне «AMANAT» партиясы да қолдау көрсетті.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

АСТАНАДА ТУРИЗМ ДАМЫП КЕЛЕДІ

27 қыркүйек – Халықаралық туризм күні. Бүгінде Астанада 100-ден аса туристік орталық, мұражай, театр, галерея мен діни және спорттық ғимарат жұмыс істейді. Жұрт қаланың жаңа келбетімен қаншалықты таныс? Біз Astana Tourism туризмді дамыту орталығының турына қатысып, турист көзімен елордаға саяхат жасадық.



Алғашқы локация — Астана халықаралық әуежайы. Әуежайға барғанда-ақ өзінді турист ретінде сезіне кетесің. Бұл жерден туристерге такси шақыруға арналған Taxi Point жүйесі жөнінде ақпарат алдық. Терминал Қазақстан түгіл ТМД елдерінде жоқ.

— Ақпанда Taxi Point жүйесін іске қостық. 7 тілде жұмыс істейді. Турист кез келген банк картасы арқылы төлем жасап, интернетсіз, ешқандай қолданба-құрылғыны жүктемей-ақ қалаған жеріне такси шақыра алады. Такси бірінші жолаққа келіп тоқтайды. Бағасы қолжетімді, екі түрлі тариф ұсынылған, — дейді Astana Tourism туризмді дамыту орталығының департамент директоры Базарбек Темірұлы.

Бұдан соң туристердің қызыл автобусына жайғасып, бас мешітке қарай тарттық. Туристердің әуежайдан түсе сала архитектуралық ескерткішке бас сұғуы заңдылыққа айналғаны көпке мәлім. Мешіт сыйымдылығы жағынан Орталық Азияда бірінші, ал әлемде жетінші орында. Мешітке 235 мың адам сыяды, оның құрылысына 40 елден 7 300 құрылысшы атсалысқан.

— Қуанышты жайт, барлық құрылысшы аман-есен еліне қайтты. Ешкім қаза тапқан жоқ, сондай жақсы статистикамыз бар. Сонымен қатар ең жылдам салынған мешіт ретінде Гиннестің рекордтар кітабына ендік. Ғимарат сапалы материалдардан тұрғызылды. Еденге төселген травертин мәрмәрі Италия, Әзербайжан, Түркия елінен әкелінген. Қақпалары Африкада өсетін ироко ағашынан жасалған. Әр қақпаның биіктігі — 12 м, 56 см. Бұл цифрдың сыры бар, қазақ даласында, Алтын орданы билеген Берке хан дәл осы 1256 жылы ислам дінін ресми түрде қабылдаған, — деп бас имамның көмекшісі, гид Ернар Қожабек мешіт ішін таныстыра кетті.

Бәрінен де қызығы, мұсылмандар құлшылық ететін жерге кірген беттегі каллиграфиялық жазу. «Жәннатқа қош келдіңіздер!» деген көркем жазудың авторы — Асылбек Байұзақұлы. Ол 50 көмекшісімен бірге мешіттің іш-сыртындағы жазуды небәрі 3 жыл ішінде жазып шыққан. Мұнда әлемдегі ең үлкен витраж қақпа бар. 1,5 тонналық шыны қақпаны Американың белді компанияларының бірі сыйға берген. Ал құбыла беттегі қабырға 25 миллион ұсақ шыныдан құрастырылған, оның жұмысына бір жыл уақыт кетіпті. Бұл қабырғада Алланың көркем есімдері көрініс тапқан.

Мешітті бір үлкен кешен дерсің, қонақтарға арналған сыйлық дүкені, тігін орталығы, мұражай, кофехана, асхана, автотұрақ, көлік жуатын орын, автобуска арналған туннель-аялдама, қасапхана, жаназа орталығы, клиника да жұмыс істейді.

— Жуырда мешіт ішінде Мұхаммед пайғамбарға арналған мұражай ашыламақ. Қазір Сауд Арабия елімен келісім жүріп, жұмыстар қарқынды басталып кетті. Алда мешіт маңайына «Отырар» кітапханасы салынады деген жоспар бар. Мешіт архитектурасының әр деталінде адам жанын қозғап, ой жүгіртуге әсер сыйлайтын мән-мағына бар. 500-ден аса адам мешіт сәулетіне қарап, соның сырын ұғуға тырысып, тіпті ислам дінін қабылдаған, — дейді Ернар Қожабек.

Мешіт жайында тың деректер білген соң 130 метрлік мұнараға шығып, қала көрінісін тамашаладық. Келесі аялдама — Ұлттық мұражай. Мұражайдағы жәрмеңкеден шебер Гүлсім Бәйтерекқызын жолықтырдық.

— Бала кезімінен сурет саламын, киізбен жұмыс істегеніме 4 жылдай болды. Текемет басу, алаша тоқуға көңіл бөліп келемін. Жүнмен сурет салуға қызығатын жастарды тәрбиелеп жүрмін. Мұражайда сабақ та өткіземін. Шетелдік туристер мұражайға жиі келеді, өнерімізді жоғары бағалайды. Кәдесыйлар арқылы дүниежүзіне қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін таныстырып отырамын, — дейді көлөнер шебері.

Одан әрмен Қабанбай батыр, Мәңгілік ел, әл-Фараби, Тәуелсіздік даңғылдарымен жүріп, қала араладық. Осы тұста Базарбек Темірұлы туризмді дамыту орталығының жоспарымен бөлісті.

— Astana Tourism туризмді дамыту орталығы Астананың іскерлік туризм, оқиғалық туризмімен қатар медициналық туризмді де дамытып жатыр. Астанада халықаралық алтын стандартқа сай, жоғары технологияға ие 7 клиника бар. Осы бағытта халықаралық көрмелер, турлар өткізіп жатырмыз. Алда үндістандық туроператорларға Астана және Бурабайдағы гольф клубтарына тур ұйымдастырамыз. Сол арқылы Үндістаннан келетін туристерді елге тартпақ ойымыз бар, — дейді Б.Темірұлы.

Астана іскерліктің, білім-ғылымның, медицинаның орталығы емесін түсінсеңіз, саяхатқа жүріңіз.

Айсұлу СЫЗХАН

АЙМАҚ

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

ЖОЛ САПАСЫ СЫН КӨТЕРМЕЙДІ

Атыраулық тұрғындар жол құрылысының жай жүргізіліп жатқанына наразы. Әсіресе, әңгіме атышулы «Атырау – Астрахань» тасжолы арқылы қалаға кірер беттегі Сарыөзек ауылынан Тайманов көшесінің сақинасына дейінгі жол құрылысына қатысты болып отыр.

А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

**11 МЛРД ТЕНГЕ ҚАРЖЫ
КАЙДА БӨЛІНГЕН?**

Әсіресе, жағдай желді күндері ушығады. «Құрылыс аяқталғанға дейін мердігерлер шаң-топырақты басу үшін борпылдақ топыраққа су шашса екен», — дейді тұрғындар. Осыған орай, «AMANAT» партиясы Атырау облыстық филиалы жанындағы Өңірлік даму жөніндегі аймақтық кеңес өкілдері жол құрылыстары жүріп жатқан нысандардағы жұмыстармен танысып шықты.

Атырау қалалық мәслихатының депутаты Ақылбек Құлбарақовтың айтуынша, партияға Сарыөзек ауылы тұрғындарынан шағым көп. «Шағым осы жолға қатысты түсіп жатыр. Қазір қаржының 25 пайызы игерілген. «Жол құрылысы неге жылдам бітпейді?» — дейді тұрғындар. Жоспар бойынша бұл жол 2027 жылдың аяғына дейін салынып бітуге тиіс. Бірақ мердігер мекеме жолды 2026 жылдың аяғына дейін ерте тапсыруды жоспарлап отыр. Біздің бұл жердегі міндетіміз — қаражаттың мақсатты игеріліп, жолдың сапалы жасалуын қадағалау», — дейді ол.



Атырау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Алмас Сәрсеновтің айтуынша, қазір жұмыс кестеге сай жүруде. «Тайманов көшесінің айналма сақинасынан Сарыөзек ауылына дейінгі жолды жаңғырту жұмыстарының бас мердігері — «Қазақдорстрой» мекемесі.

«Қазіргі уақытта 5 шақырымды құрайтын жолдың сол бөлігінің екі жолағы ірі түйірлі асфальт жабындысын салу арқылы уақытша көлік қозғалысына ашылды. Қалған екі жолағында қиыршық тасты қоспа жабындысын төсеу жұмыстары жү-

руде. Жолдың жалпы ұзындығы — 6,4 шақырым. Жоспар бойынша құрылыс 29 айда аяқталуға тиіс. Яғни, нысан 2027 жылдың қыркүйегінде пайдалануға берілуі керек. Келісімшарт 2024 жылы жасқалғанымен, іс жүзінде құрылыс 2025 жылдың наурыз айында басталды. Осыған қарамастан, нысан мерзімінен бұрын қолданысқа тапсырылады. Жалпы құны 11 млрд теңгені құрайтын жобаның қазіргі уақытта 3 млрд теңгесі игерілді. Жол 2026 жылдың аяғына дейін тапсырылады», — деді ол.

«Қазақдорстрой» мердігер мекемесі жоба басшысының орынба-

сары Әсет Бектеновтің айтуынша, құрылыс басында қазіргі уақытта 50-ден астам техника жұмылдырылып, 60-тан астам жұмысшы еңбек етіп жатыр.

«Жұмыстар кестеге сай жүруде. Жұмысшылардың 90 пайызы — жергілікті мамандар. Материалдардың ішінде шебін негізінен Ақтөбеден теміржол тасымалымен жеткізілуде. Өзіміздің асфальт шығаратын зауытымыз бар. Құрылыс жүргізуде ешқандай мәселе жоқ», — дейді мердігер мекеме өкілі.

**ПЛАСТИКАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТЫ
ЖОЛҒА ПАЙДАЛАНУҒА
БОЛА МА?**

Рейдтен кейін депутаттар «AMANAT» партиясы Атырау облыстық филиалы жанындағы Өңірлік даму жөніндегі аймақтық кеңестің отырысын өткізді. Онда өңірдегі жол құрылысы мен қауіпсіздігі, мердігер мекемелердің жауапкершілігі, жаңа технологияларды қолдану және жол қозғалысын реттейтін құралдардың уақытылы орнатылуы мәселелері талқыланды.

Өңірлік кеңестің төрағасы, Атырау қалалық мәслихатының депутаты Ақылбек Құлбарақов жол сапасының төмендігін сынға алды. Оның айтуынша, кейбір учаскелерде мердігерлер жұмысты талапқа сай атқарамағандықтан, жолдар шұрық-тесік күйде қалып, қарапайым тұрғындар зардап шегуде.

— Жол құрылысы саласында жүйелі бақылау жоқ, жауапкершілік те біржақты. Оған халық кінәлі емес, мердігерлер мен тиісті мекемелер нақты жауап беруге тиіс, — деді А.Құлбарақов.

«ПП Автодор» ЖШС директоры Михаил Бессонов тұрмыстық пластикалық қалдықтарды қайта өңдеп, оларды полимерлі қоспаға айналдыру тәжірибесін таныстырды. Оның айтуынша, бұл қоспа

2016 жылдан бері Қазақстанда қолданылып келеді және уақыт сынынан өткен.

— Астанада, Алматы — Астана дәлізінде, сондай-ақ Шығыс Қазақстандағы бірқатар жол жұмыстарында біздің өнімді пайдаланды. Бүгінде ол өзінің жол құрылысы үшін сапалы материал екенін дәлелдеді. Барлық шикізат — отандық, жұмысшылар да өзіміздің азаматтар. Біз экологияға да, экономикаға да үлес қосып отырмыз, — деді ол. Сонымен қатар компания мердігерлермен ашық жұмыс істеуге дайын екенін, өндірістік зертханасында ең оңтайлы құрамды әзірлеу мүмкіндігі барын айтты.

Атырау облысы ПД Әкімшілік полиция басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Тілепберген Ақболатов жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты өзекті проблемаларды көтерді. Оның айтуынша, жол белгілері мен таңбаларды орнатудағы кешігулер үлкен қиындық туғызып отыр. Бұрын бұл жұмыстарды қала әкімдігінің бір бөлімшесі атқарса, қазір ауылдық округтер жеке сатып алу рәсімдерін өткізуде.

— Соның салдарынан жаңа оқу жылы қарсаңында мектеп маңындағы «зебралар» уақытша бояумен сызылып, аз уақытта өшіп кетеді. Оларды термопластикалық таңбамен белгілеу қажет. Жолдағы қауіпсіздік — тұрғындардың өмірі мен денсаулығының кепілі, — деді Тілепберген Ақболатов.

Жол құрылысының сапасы мен қауіпсіздігі — тек мердігерлердің емес, барлық жауапты мекемелердің ортақ міндеті. Орталықтандырылған жүйе арқылы жол белгілерін уақытылы орнату, мектеп маңындағы жаяу жүргіншілер өткелдерін сапалы материалмен сызу және қысқы күтімге жеткілікті техника бөлу — тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарттары болып қала бермек.

Қарағандыда бір ай ішінде нашакорлықтың ардын алудың үш жылға арналған Жол картасы әзірленеді. Сонымен қатар өңірдегі тәжірибе алдағы уақытта бүкіл республикаға таралмақ. Бұл туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өткен республикалық Аналар кеңесінің семинарында айтылды.

А Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен «Салауатты сана» жобасы аясында қолға алынды. Енді Қарағанды жастарының арасында нашакорлық пен есірткі қылмысының алдын алу мақсатында фронт-кеңсе жұмысын бастады. Оның негізінде лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық және есірткіге тәуелділік сынды әлеуметтік мәселелер қамтылған.

Фронт-кеңсе облыстық Жастар ресурстық орталығының базасында ашылды. Мұнда нашакорлықпен күреске және денсаулыққа жауапкершілікпен қарауды қалыптас-

НАШАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ



тыруға бағытталған тренингтер, кездесулер, акциялар мен форумдар ұйымдастырылады. Жаңа фронт-кеңсе Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өткен республикалық Аналар кеңесінің семинарында таныстырылды.

— Қарағанды облысы нашакорлық проблемаларын шешудің орталығына айналады. Мұнда тұрмыстық зорлық-зомбылық пен есірткі қылмысына қатысты ма-

мандарды даярлайтын Ішкі істер министрлігінің академиясы, сондай-ақ адамның қанындағы кез келген есірткі затын анықтай алатын бірегей зертханасы бар медицина университеті жұмыс істейді, — деді Қазақстан халқы Ассамблеясына қарасты республикалық Аналар кеңесінің төрайымы Нәзипа Шанаи.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев нашакорлықпен күрес

отбасынан және қоғамнан басталатынын атап өтті. Кездесудің басты мақсаты — нашакорлыққа қарсы нақты шараларды әзірлеу.

— Мемлекет басшысы Қауіпсіздік кеңесінің отырысында сөйлеген сөзінде «есірткі — ұлт денсаулығына төнген тікелей қауіп» екенін айтты. Бұл дертпен күрес ауруханаларда да, соттарда да емес, ең алдымен отбасында, мектепте, бала тұлғасы қалыптасатын ортада басталады. Басты қару — жаза емес, дұрыс бағдар қалыптастыру: рухани даму, спорт, шығармашылық пен мейірім. Өңірде Футбол академиясы салынууда, шахмат қозғалысы дамып келеді, «Кітап оқитын ұлт», «Тұлпар мініп, ту алған» жобалары жүзеге асырылуда, Community-орталығы ашылды, гранттық бағдарламалар мен «Жасыл ел» қозғалысы жұмыс істейді. Мұның бәрі жастарға жаңа мүмкіндіктер ашып, олардың ел үшін маңыздылығын сезінуге көмектеседі, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы менгерушісінің орынбасары Анастасия Щегорцова нашакорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті ғана емес, ұлттық құндылықтарды сақтау, отбасыны нығайту және жастарды тәрбиелеу екенін атап өтті.

Қарағанды облысы бойынша Медициналық және фармацевтикалық бақылау департаментінің басшысы Ольга Смирнова ең өткір мәселелердің бірі — дәріханалық нашакорлық пен оны жоюға бағытталған мемлекеттік бақылау шараларын сөз етті.

— Денсаулық сақтау жүйесі үшін ерекше сын — рецепт арқылы берілетін дәрілердің дәріхана желісі арқылы қолжетімді болып тұруы. Оларды медициналық негізсіз, мақсатсыз пайдалану халықты жасырын түрде есірткіге тәуелді ету нысандарына айналды. Ең осал топ — жасөспірімдер мен жастар. Аналар кеңесінің бастамасымен 2023 жылғы сәуірден бастап «Трамдол» есірткі тізіміне енгізілді. Келер жылы шамадан тыс қолданған кезде қатты тәуелділік тудыратын басқа да дәрілерді сол тізімге енгізу жоспарланып отыр, — деді Ольга Смирнова.

Бұдан бөлек, Қарағанды облысында «Жасыл сертификат» жобасы іске қосылды. Ол тәуелділік тудыратын, рецепт арқылы берілетін дәрілердің маманның нұсқауынсыз сатылуына қоғамдық бақылауды қарастырады.

Семинарға Президент Әкімшілігінің, Бас прокуратураның, ІІМ-нің, Денсаулық сақтау және Оқу-ағарту министрліктерінің өкілдері, Мәжіліс депутаттары, аналар кеңесінің, ҰЕҰ мүшелері мен сарапшылар қатысты.

АЙНА

27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

«Қазақстан» телерадиокорпорациясы күзгі телевизиялық маусымдағы жобаларының таныстырылымын өткізді. Корпорацияға қарасты Qazaqstan, Balapan, Abai TV телеарналарынан 17 жаңа бағдарлама, 190 бөлімнен тұратын 7 телехикая, 10 анимациялық мультихикая мен 10 деректі фильм ұсынылады.

«Биылғы жобаларымыз «Адал азамат», заң мен тәртіп қағидаттарын тереңірек түсіндіруге, азаматтардың қаржылық және құқықтық біліктілігін арттыруға, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге және қоғам үшін маңызды әлеуметтік мәселелерді көтеруге бағытталды. Кез келген акпаратты таратудағы біздің басты ұстанымымыз — оқиғаны жеткізіп қана қоймай, адами құндылықтарға маңыз беріп, қоғамды ортақ әлеуметтік жауапкершілікке шақыру», — деді «Қазақстан» телерадио-корпорациясының басқарма төрағасы Ернұр Бурахан.

Жаңа маусымда Qazaqstan арнасынан күн сайын тікелей эфирде «Қазір айтайық!» қоғамдық-әлеуметтік ток-шоуы шығады. Бағдарлама отбасылық және әлеуметтік мәселелерді көтеріп, әртүрлі буын өкілдерінен құралған тұрақты сарапшылар кеңесі арқылы тікелей эфирде мәселенің жан-жақты шешімін ұсынады. Қыркүйек айынан бастап жоба аясында инклюзивті білім беру, лудомания, пластикалық отаның зардаптары, емге қаржы жинау мәселесі, заңсыз лотерея сынды тақырыптар көтерілді.

Сонымен қатар арна эфирі «Заң алдында» (сот істері арқылы құқық нормаларын түсіндіреді), «Ақша әліппесі» (қаржылық сауат жайлы), «Тапқыр отбасы» (интеллектуалдық отбасылық сайыс) және «Таза Қазақстан» (экологиялық мәдениетті насихаттайды) сияқты жобалармен толықты.

Жаңа маусым мегажобасы — «Ұнайды маған» кавер-шоуы. Бұған дейін Испания мен Грузияда жоғары рейтингке ие болған талант-шоудың кастингіне 1000-ға жуық үміткер қатысып, ең үздік 100 қатысушы эфирге жолдама алды. 4 қазанда эфирге жол тартатын музыкалық жобада көрермен әсерлі музыкалық перформанстар мен «Ең үздік кавер-орындаушы» атағы үшін тартысты бәсекені тамашалайды. Сондай-ақ ойын-сауықтық бағытта өнер адамдарының шығармашылығына арналған «Бәрекелді!», «Жұлдызды жүздесу» отбасылық сұхбаттар циклы көрсетіледі.

Жаңа телехикаялар керуені биылғы маусымда да жалғасады. Биыл Корпорация 190 бөлімнен тұратын 7 телехикая ұсынады. Олардың қатарында халық композиторы Естай Беркімбайұлының «Құсни-Қорлан» әнінің шығу тарихын баяндайтын «Естай мен Қорлан» тарихи драмасы, құқық саласында қызмет атқаратын арулар туралы «Офицер қыздар», жұмысшы мамандықтар жы-



КҮТЕРІМІЗ КӨП



лына орай әзірленген «Бір шаңырақ астында» ситкомы, түркиялық Kanal D арнасымен бірлескен 100 бөлімдік «Қыздың жолы» телехикаясы бар. Сондай-ақ көрермен сұрауымен «Ақжауын» телехикаясының үшінші маусымы экранға қайта оралды.

Одан бөлек, тарихи, мәдени және әлеуметтік тақырыптарды қамтитын 10 деректі фильм ұсынылады. Олардың қатарында Қазығұрттан Алтай мен Маңғыстауға дейінгі өңірлерді аралап, ұзақ жасаудың формуласына үнілетін 100 «Ұзақ өмір сүру құпиясы», ұлттық тағам түрлерін ғылыми тұрғыдан саралайтын «Қазақтың рационы», Еңбек адамдарын дәріптеу аясында түсірілген түнгі еңбектің беймәлім қырын ашатын «Түнгі Республика», обырды еңсерген жандар туралы «Үкім емес» деректі фильмдері бар. Ал Balapan арнасы биыл 145 бөлімнен тұратын 10 жаңа анимациялық жоба көрсетеді. Олардың ішінде балаларды табиғатты қорғауға баулитын «Томирис және сиқырлы әлем», достық пен татулықты дәріптейтін «Жалын мен Мөлдір», денсаулық пен ағза мүшелерінің қызметін түсіндіретін «Жедел достық», әйгілі Сұлтан Бейбарыс жайлы «Сұлтан Бейбарыс. Мысыр құпиялары» және басқа да мультхикаялар бар. Abai TV арнасы жаңа маусымда «Күй», «Музей», «Портреты», «Пайым» және «Ғылым тілінде» атты жаңа бағдарламалары арқылы ұлттық мәдениет пен ғылымды насихаттауды жалғастырса, Qazsport телеарнасы футболдан УЕФА Чемпиондар,

Еуропа және Конференция лигаларын, «Барыс» клубының Құрлықтық хоккей лигасындағы ойындарын, дзюдодан Grand Slam және Grand Prix турнирлері мен басқа да халықаралық жарыстардан тікелей трансляция жасайды.

«Қазақ радиосы» мен «Шалқар» радиосының тыңдармандарына зорлық-зомбылық, ысырапшылдық, нашакорлық, құмар ойындарға тәуелділік сынды бес кеселдің алдын алуға бағытталған «Қауіпсіз қоғам», жер жаһандағы түрлі сәулет нысандары жайлы «Ғалам ғажайыптары», түрлі ұлттың өзіне тән салт-дәстүрлері туралы «Әр елдің салты басқа», жас-

Жаңа маусым мегажобасы – «Ұнайды маған» кавер-шоуы. Бұған дейін Испания мен Грузияда жоғары рейтингке ие болған талант-шоудың кастингіне 1000-ға жуық үміткер қатысып, ең үздік 100 қатысушы эфирге жолдама алды.

тар мәселесі мен қарапайым еңбек адамдарына арналған «Адал азамат» бағдарламалары ұсынылады. Сонымен қатар корпорацияның 14 облыстағы аймақтық телеарналарынан 83 жаңа жоба эфирге шығады. Атап айтсақ, Атырау арнасы жастарға арналған «5К: Көрінбейтін күрес» short-сериалын, Semei экология тақырыбындағы «Тазалайық» жобасын, Qostanai арнасы қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылайтын «Жол үстінде» сұхбаттар циклын, Kokshe ауыл өмірін бейнелейтін «Талбесік» хабарын ұсынады. Jambyl арнасы жасанды интеллект көмегімен халық ертегілерін анимациялық фильмге айналдырса, тарихи тақырыпқа ден қойған Qyzylorda арнасы «Алаш қайраткерлері. Қызылорда кезеңінде» деректі фильмдер циклін әзірлеуде.

ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қырғыз Республикасының Түркі мемлекеттері ұйымына төрағалығы аясында Халықаралық Түркі академиясы Бішкекте жаңа басылымдарын таныстырды. Жиында соңғы екі жылда қырғыз тіліне аударылған ғылыми еңбектер, кітаптар және зерттеулер көпшілікке ұсынылды.

Қырғызстан ғылымдарына академик В. Бартольдтың ғылым мен мәдениетке зор үлес қосқан ұлы өмірші және ғалым жайында сыр шертетін «Ұлықбек және оның дәуірі» атты еңбегі, Әзербайжанның көрнекті мемлекет қайраткері Мұхаммед Әмин Расулзаденің түркі мемлекеттері арасындағы тұңғыш демократиялық республика (1918—1920) тарихын баяндайтын «Әзербайжан Республикасы» еңбегі, Заманауи өзбек әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Абдурауф Фыртраттың сол



кезеңдегі Бұхараның тұрмысын айшықтайтын «Үнді саяхатшысының естеліктері (Бұхара қаласының шынайы келбеті)» шығармасы, түркі дүниесінің көрнекті идеологтары, ағартушылары мен қайраткерлерінің еңбектері енген «Түркі халықтарының философиялық-саяси ой тарихы» хрестоматиясының бірінші томы ұсынылды.

ПАРИЖ САХНАСЫНДА – ҚАЗАҚ ӨНЕРІ

Париж қаласындағы ЮНЕСКО штаб-пәтерінде қазақтың көрнекті күйші-композиторы, дирижер Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Ғасыр әуендері: Тілендиевке тағзым» атты мерекелік концерт өтті.

Дара тұлғаның ғасырлық мерейтойы — тек Қазақстан үшін емес, бүкіл әлем үшін де маңызды оқиға. Бұл дата ЮНЕСКО-ның халықаралық деңгейде аталып өтетін мерейтойлар тізіміне енген. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, дипломатиялық корпус пен шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысты.

«Бүгін Париж төрінде, ЮНЕСКО-ның мәртебелі штаб-пәтерінде қазақ халқының ұлы композиторы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы жоғары деңгейде тойлануда. Қазақ музыкасы мен өнерінің ЮНЕСКО аясында лайықты бағалануы — мемлекетіміз үшін үлкен мәртебе. Нұрғиса Тілендиевтің шығармалары — қазақ халқының рухани өлемін паш етумен қатар, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін биік өнер туындылары», — деді Аида Балаева құттықтау сөзінде.

Мерекелік шараның басты мақсаты — ұлттық мәдени мұраның байлығын, көпғасырлық дәстүрлер мен халқымыздың мәдениетін әлемге насихаттау.

Бетті дайындаған: Көктем ҚАРҚЫН



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баияр ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rek@ama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000****Тапсырыс №4647**Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,